

ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

№ 12 | 2023

ZANMEDIA.KZ



**КӨЗДЕН КЕТСЕ ДЕ,
КӨҢІЛДЕН КЕТПЕЙДІ**

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№12 | 2023

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор

Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АҒЫБАЕВ А. з.ғ.д.,
профессор

АЛАУХАНОВ Е. з.ғ.д.,
профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е. з.ғ.д.

ӘБДІРАСҰЛОВ Б. б.ғ.д.,
профессор

БЕКТҰРҒАНОВ Ә. з.ғ.д.,
профессор

ДОСАЛИЕВ Қ. з.ғ.д.

СӘБІКЕНОВ С. з.ғ.д.,
профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

Көзден кетсе де, көңілден кетпейді

Н. Әлдібаев

3

Кәсіподақ жұмыскерлерге қызмет етеді

О. Ложникова,

С. Тыныбеков

12

Алаяқтарға арбалып қалмаңыз

Б. Дюсәбалиева

16

Ортақ мүлкті бөлу заңдылығы

Г. Бекежанова

18

Кассациялық сатының ерекшелігі

О. Сейтжанов

20

Бала тәрбиесін бесіктен бастаған жөн

Б. Ақышев

22

Істерді оңайлатылған тәртіпте қарау тәртібі

А. Әбілқайысқызы

25

Жерді ластағандар жауапкершілігі қатайтылса...

Қ. Укибаева

27

Қалдырған ізі мәңгілік

Г. Қуаналиева

32

Есірткіден абай бол!

З. Асқар

34

Білім дамымай — ел алға баспайды

Г. Қалиева

37

Болашақ — заң мен әділдікте

Б. Исағабайлов

38

Тәртіп сақшысы — халық қорғаны

М. Фазылова

40

КӨЗДЕН КЕТСЕ ДЕ, КӨҢІЛДЕН КЕТПЕЙДІ



Судья – мәртебелі қызмет. Адам тағдырына жауап беретін бұл лауазымның құзыры қандай биік болса, жүктелер міндет те сондай жоғары. Барлық жұмысы жұртшылықтың көз алдында өтетіндіктен, судьяның иығына түсетін жүктеме де ауыр, сырт көздің эмоциялық көзқарасына төтеп беру де оңай емес. Алайда, өзі таңдаған мамандықтың қиындығына төзіп, беделін көтеру жолында тынымсыз еңбек еткен жандардың ісі ешқашан ұмытылмайды. Сот саласына саналы ғұмырын арнап, судья деген мәртебелі атқа дақ түсірмей өмірден өткен арда азаматтың бірі – Кеңшілік Кеңесұлы АБДЕЛЬДИНОВ еді.



Жұбайы Қанзиямен
бірге

ӨМІРДЕРЕК

Кеңшілік Кеңесұлы АБДЕЛДИНОВ еңбек жолын Алматы қаласы Совет аудандық әлеуметтік қорғау бөлімінде инспектор болып бастады. 1992-1996 жылдары Әділет министрлігінің кадр басқармасында консультант, жетекші консультант, бас консультант, соттар жұмысын ұйымдастыру Бас басқармасының бас консультанты қызметін атқарды. Одан кейін Жоғарғы Соттың бөлім меңгерушісі қызметін абыроймен атқарды.

Бұдан ары еңбек жолын Әділет министрлігінде сот жұмысын ұйымдастыру департаментінің маманы, бас маман, Жоғарғы Соттың кадр жұмысы басқармасында бас консультанты болып жалғазан Кеңшілік Кеңесұлы 2003 жылдан бастап сот саласында еңбек етті. 2003-2013 жылдары Алматы облыстық сотының сұрғыясы лауазымын атқарған Абдельдинов Алматы қаласы Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының сұрғыясы қызметін атқарып жүрген кезінде мезгілсіз көз жұмды.

Кеңшілік Кеңесұлы дегенде көз алдымызға маңдайы жарқырап көптің алдында жүретін, қиындықтан тайсалмайтын, әділдік дегенде әрдайым алда тұратын ақеділ жан елестейді. Расында, өмірдің сан тараулы соқпағында Кеңшілік Кеңесұлымен жолы түйіскен жандардың бәрі бұл азаматтың адалдығына, кішіпейілдігіне, турашылдығына, жанашырлығына тәнті болып, ризашылықтарын білдіріп жатады. «Биікке

шықсаң көзің ашылады, Жақсымен сөйлесең көңілің ашылады» демекші, жақсы адамның жақсылықтарын жарыса айтқан жылы лепестерден Абдельдиновтың өмірде қандай адам болғанын пайымдау қиын емес. Мұның өзі «Көзден кетсе де, көңілден кетпей жүрген» азаматтың босқа өмір сүрмегенін, елдің алдында беделді, абыройлы болғанының дәлелі болса керек. Сөзіміз жалаң болмас үшін, енді осы естеліктерге кезек берейік.

Серік БАЙБАТЫРОВ,
«Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері:

«ҚЫЗМЕТ ПЕН СПОРТТЫ ТЕҢ МЕҢГЕРГЕН САҢЛАҚ»

Президент Жарлығымен Алматы облыстық сотының төрағасы лауазымына тағайындалып, функционалдық міндетімді атқарып жүргенде осы облыстық соттың судьясы Кеңшілік Абдельдиновпен қызметтес болдым. Қарамағымдағы судьялардың барлығына әрбір істі әділ қарап, Ата Заңымызда жазылған қағида шеңберінен шықпау туралы талап қойдым. Бұл ретте білімі терең, тәжірибесі мол, сұңғыла судья Кеңшілік Абдельдинов те осы биік талап межесінен көріне білді. Заң шеңберінде шығарылған шешім, үкім, ұйғарымдардың әділеттілігін, бұзылып, бұзылмағанын сараптау үшін журналистерді қатыстыра отырып өткізетін жиналыстарымызда да оған ілтипат танытатынбыз. Өйткені, Кеңшілік Кеңесұлының өзінің тыңғылықтылығымен, жауаптылығымен, білімінің тереңдігімен әріптестерінің арасында дараланып тұратын.

Кейінірек Кеңшілік Кеңесұлы Алматы қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына судья болып тағайындалды. Онда аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға қатысты қылмыстық істер қаралатын. Құқықтық білімі таяз, шолақ ойлайтын қайсыбір адамдар судьялық жұмыстың ешқандай ауырлығы жоқ, дайындалған құжаттарды қарап отырып, сот үкімін шығара салады деп қателесіп жатады. Ал шындығына келгенде, ауыр қылмыстық істерге қатысты құжаттар көп томнан тұрады. 70-80 томға жүк болатын құжаттарды саралап, зерделеп шығу, одан ой қорыту, жиналған ақпараттар мен куәгерлер сөзін саралап, майдан қыл суырғандай асқан сезімталдықпен ақ пен қараны ажырату екінің бірінің қолынан келе бермейтін күрделі іс. Сондай орасан зор, аса маңызды ақпараттарды зерттеп-зерделеу, елеп-екшеп, заңды сот актісін шығару әркімнің қолынан келе бермесі анық...

Судья иығына түсер салмақтың ауыр-ртпалығына қарамастан, бұл салада да Кеңшілік өзінің кәсіби деңгейінің жоғары екенін, судьялық лауазымға лайық тұлға екенін көрсете білді. Әйгілі спортшы Денис Тенді өлтірген сотталушылардың қылмыстық ісін, Қорғас кеденінде орын алған қылмыстарды жасаған қылмыстық топқа қатысты қылмыстық істі, инкассаторларға қарақшылықпен шабуыл жасаған топқа қарсы қылмыстық істі және тағы да басқа көптеген аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға қатысты қылмыстық істерді жан-жақты, толық және объективті түрде қарап, негізді де заңды сот актілерін қабылдады...

Сонымен қатар, тек судьялар ғана қатысатын Қазақстан Республикасы Судьялар одағының өңірлік, республикалық спартакиадаларында да Кеңшілік жасындай жарқырады. Алматы облыстық сотының волейбол командасы жыл сайын бас жүлдені жеңіп алатын. Кеңшілік Кеңесұлы біздің командадағы белді ойыншымыз болды. Сөйтіп, қызметпен қатар спортта да ол жақсы қырынан көрінді.

Осындай асыл азаматымыз кенеттен жабысқан коронавирус індетінен көз жұмғанда әріптестері қатты қиналды. Амал қанша, жатқан жері жарық, иманы берік болсын. Алла артында қалған үрім-бұтағына шапағат нұрын төксін!

Жақсыбек КЕҢЕСҰЛЫ, бауыры:

«ӘУЛЕТІМІЗДІҢ БАСЫ ЕДІ...»

Қазақы салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты бойымызға сіңіріп өскен, ата-ананың тәлім-тәрбиесін тәу еткен текті әулетпіз. Отбасымызда 13 бала едік. Тағдырдың жазуымен Күлпаш, Айман есімді әпкелеріміз ертеректе қайтыс болды. Әпкелеріміздің артында қалған балаларын шетке қақпай, бізбен бірге қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай тәрбиелеп, оқытып, ұлттық менталитетті бойымызға тең сіңіріп, негізгі қамқоршымыз болған осы Кеңшілік ағамыз еді. Ағамыз өте бауырмал болатын. Орынсыз

ашулануды, ренжіп, ұрсып, зекуді білмейтін. Барлығымызды тең көріп, қамқорлығын жасап жүретін. Ақылгөйсімей бірер сөзбен көп нәрсені аңғартатын ағамыздың іс-әрекетін ой елегінен өткізіп, зерделеп отырсам Әулет-басына ғана тән қасиеттері тізбеленіп шыға береді, шыға береді. Міне, сол жауапкершілік бүгінде менің мойныма артылғанын аңғарып жүрмін.

«Өлі разы болмай, тірі байымайды» деп қазақ бекер айтпаған. Сондықтан негізі жақсы қаланған әулет бірлігін, татулығын, ынтымағын сақтауды парызым деп білемін. Кеңшілік ағам секілді әулетіміздегі аға-іні, әкпе-қарындас, ұл-қыз, немерелер татулығына ұйытқы болу арқылы сол биікке көтеріліп келемін. Ата күші, ана сүтімен біздің бойымызға сіңген сабырлылықтың сақталуына Кеңшілік ағамыздың сіңірген еңбегі зор еді. Басымыз қосылған жерде үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетілетінін байқап, іштей қуанамын.

Ағамыз ұлы ойшыл, философ ақын Абайдың «өзіңе сен, өзіңді алып шығар, ақылың мен білімің екі жақтап» деген сөзін жиі айтатын. Бүгінде осы сөздер үнемі жадымызда жаңғырып тұрады. Құлаққа сіңіп, көңілге берік орнағандықтан болар, Кеңшілік ағам тапсырғандай кейінгі лек те Абай сөзінің түп-тамырын жете түсініп, өзіне сеніп, өз күш-қайратына сай ешкімге жалтақтамай тіршілік жасауда. Біле-білсек, бұл да Кеңшілік ағамыздың көрсеткен тура жолы.

Амал нешік, ақылман ағамызды сұм ажал арамыздан ерте алып кетті. Тәуба, «Орнында бар – оңалар» демекші, артында қалған қос ұлы ер жетіп, жанұялы болды. Үлкен ұлы Елнұр Алматыда Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институтын бітірген соң, Австрияда Вена академиясын тәмамдап, Халықаралық қатынастар магистры академиялық дәрежесін алды. Қазіргі таңда Біріккен ұлттар ұйымы Есірткі және қылмыс басқармасының (БҰҰ ЕҚБ) жобасында жұмыс жасайды. Екінші ұлы Елдос та Қазақстандағы беделді банкінің заңгері. Әпкелерімнің балалары да менің үйімде тұрып, қанатымның астында өсіп, ер жетіп келеді.

Сөйтіп, Кеңшілік ағам салған сара жолдан таймай, игілікті үрдісті жалғастыру барысында аға қамқорлығын жете түсінудемін. Осындай даналықтың, даралықтың үлгісін көрсеткен ағамның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын?

Жәрдембек ҚЫДЫРАЛИН,
Алматы облыстық адвокаттар
алқасының мүшесі:

«АТЫНА ЛАЙЫҚ АДАМ»

1985 жылы Кеңшілік Абдельдинов және оның Ауғанстанда әскери борышын бірге өтеген қарулас досы Бақыт Сақбаев, Арман Құлбеков сынды сайдың тасындай іріктелген жігіттер ҚазМУ-дің заң факультетіне оқуға түсіп, бірге бітірдік. Бір бөлмеде тұрғандықтан, жасыратын сырымыз болған жоқ. Бір жапырақ қара нанды бөліп жеп, әзіл-қалжыңымыз жарасқан дос едік. Талдықорған өңірінде бір аудандық соттың төрағасы болып отырғанымда, облыстық соттың судьялары Арман Құлбеков пен марқұм Кеңшілік Абдельдинов келіп, мұрағаттан біз қараған істерді егжей-тегжейлі тексеруге кірісті. Бір күні көшпелі сот мәжілісін ұйымдастырып, қылмыстық оқиға болған жерді қарап, қайтып кеңсеме келсем, алдымнан соттың бас маманы жүгіріп шықты. Түрі бұзылып кеткен. «Не болды?» десем, «Облыстан тексеруге келген судьяларға автокөлігіңізді жуғызып қойыпсыз ғой», – дейді. Кеңшілік киімін ауыстырмастан, автокөлікті жууға кірісіп жатқанда, жүргізушім мен қызметкерлерім абдырап қалыпты. Не істерін білмей тұрып қалған аудандық соттың қызметкерлеріне «ой, ол кісінің бұзақы достары бізге қысым көрсетуі мүмкін. Көлігін жуып, тазалап құтылмасақ болмайды» деп, оларды одан әрі әбігерге түсіріпті.

Кеңшіліктің ұйымдастырушылық қабілеті де жоғары еді. Содан болар, «ауғандық» ардагерлердің басын қосқан жиындардан қалмай, игілікті істердің ұйытқысы болып жүретін. Алайда соғыс туралы олар өте сирек айтатын. Бірақ реті келгенде Сақ-



Курстастармен бірге

баев екеуі ауған соғысында «Камаз» маркалы трасса королінің жүргізушілері болғандығын мақтанышпен еске алатын.

Университеттегі ұстаздарымыз Қалауша Бегалиев, Мәжит Имашев т.б. ұстаздарымыз қазақы дәстүрді де, заңды да жақсы білетін ұлағатты адамдар болды. Сол кісілер Кеңшілікті әрдайым мақтап отыратын. Заң ғылымының докторы, профессор, заманында республикамыздың үш-төрт облысындағы прокуратура органына басшылық еткен Қалауша Бегалиев Кеңшіліктің ақпейілдігіне, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін мінезіне, жалпы, оның парасаттылығына риза болып: «Кеңшілік деген ат кеңдікті, кемеңгерлікті, бостандықты, тәуелсіздікті, кең пейілділікті білдіретін есім, сен өз атыңа әбден лайықсың», – деп жиі қайталап отыратын.

Расында Кеңшілік кең адам екенін өмірде дәлелдеді. Жүрген жерінде ақыл-кеңесін айтып, мұқтаж жандарға көмегін беріп

жүретін. Өте қайырымды болды. Жомарттығы сол, өзі киіп жүрген жақсы киімін қатар жүрген досының иығына жаба салатын. Бірде курстас жігітті ауғандық ардагерлер дүкеніне апарып, югославиялық етік алып берді. Ол кезде мұндай етікке қаржысы қат адам түгілі, жағдайы бар адамның қолы жетпейтін. Осындай кеңдігіне қарап, Кеңшілік қайырымдылық жасауды, жақсылық жасауды өзінің парызы деп есептейтінін аңғарар едік.

Әлі есімде, 1989 жылдың көктемінде ҚазМУ-дың заң факультетінің үлкен аудиториясында лекция жүріп жатқан. Бір кезде залға бес-алты дәрігер кірді. Ол кісілер Ауғанстаннан қайтып келген солдаттардың арасында жаралы жауынгерлердің көп екенін, олардың біразына қан құю қажеттілігі туындап тұрғанын айтып, студенттерден көмек сұрады. Сол кезде ойланбастан Кеңшілік суырылып алға шықты, оның артынан ауған соғысының ардагері Ешенов Айдархан до-



**Кеңшіліктің қос ұлы – Елнұр, Елдос
пен бауыры Жақсыбек**

сымыз ілесті. Оларға бірнеше студент қосылды. Сонымен үш жүзден астам студенттің арасынан бас-аяғы бес адам ғана донор болып, қан өткіздік...

Кеңшілік қазақ орта мектебін бітірген. Ол кезде университетте сабақ орыс тілінде өтетін. Ауыз-екі орысшасы жақсы болғанымен, орысша дәріс айту қазақ мектебін бітіріп келген ауыл балаларына ауыр соғатын. Сол себепті болар, Кеңшіліктің тақырыпқа қатысты бүкіл тарауды жаттап келетін әдеті бар-тын. Есте сақтау қабілеті зор еді. Өжеттігі бір төбе.

Кеңшілік Қазақстанның әділет органының алғашқы генералы атанған Долда Досполовтың шәкірті болып, сол кісіден көп тәлім-тәрбие алды. Долда Досполов Әділет министрі болған, өмірде көргені көп, тәжірибесі мол, мәдениеті өте жоғары адам еді. Ол кезеңдегі адамдар зейнеткерлік жасқа жеттім деп, арқасын кеңге салып демалып жату дегенді білмейтін. Мысқалдай болса да пайдам еліме, жұртыма тисін деп кез келген қызметті атқаруға жан-тәнімен кірісетін. Долда Досполов сол кезеңде өзінің шәкірттері Кеңшілік, Арман, Какен деген жігіттерді

тәрбиелеп, олардың заң саласының қыр-сырын жетік меңгерген маман болып қалыптасуына зор үлесін қосты. Сондай заңғар тұлғадан тәлім алған Кеңшілік өмірде өз орнын тауып, заң саласында абырой-атағы, өзіндік орны бар тұлға болып қалыптасты.

Арман ҚҰЛБЕК,
Жетісу облыстық сотының судьясы:

«ЖАНАШЫР»

Кеңшілікпен жоғары оқу орнын тәмамдап, мамандық алғаннан кейін Әділет министрлігінде қызметтес болдық. Кәсіби біліктілігі толысқан, өз кәсібінің нағыз маманы болғанына сол кезде көзім жетті. Жоғарғы Сотта Кеңшілік Кеңесұлы беделді, білікті, абыройлы қызметкер ретінде танылып қана қоймай, бізді судьялық жұмысқа дайындап, оң ықпал ете білді. Өзі де қызметтегі біліктілігін көрсетіп, 2003 жылы Алматы облыстық сотының судьясы қызметіне тағайындалды. Шыны керек, Кеңшілік Кеңесұлының басқа облыстарға да судьялық лауазымға тағайындалатын мүмкіндігі бар еді. Бірақ ол өз облысын таңдады. Талдықорғанда нан-тұзымыз, шай-суымыз араласқан дәмдес көрші де болдық. Өзі жақсы азамат болған соң, Алла тағала лайықты жақсы жар берген ғой. Жұбайы Қанзия екеуі ұлағатты ұрпақ тәрбиелей білді. Кеңшілік Кеңесұлы артық сөзі жоқ, жүрісі де, тұрысы да өзіне жарасып тұратын жан еді. Үлгі алатын нағыз дос, азамат болды. Сырт келбеті мен ішкі ойы сай келіп тұратын. Туған-туыс, ет жақындарға тең қарайтын. Үлкенге құрмет, кішіге ілтипат таныта білетіндіктен, айналасында тек жақсы жандар жүретін еді. Кеңшілік туралы өткен шақта айтқан өте ауыр. Ол бүкіл болмыс-бітімімен әлі де бізбен бірге.

Кеңшілік Кеңесұлы адам тағдырын шешуде асығыстыққа жол бермейтін. Әділдігі, жауаптылығы жоғары азамат еді. 1994 жылы сәуір айында Текелі қалалық сотына судья болып тағайындалдым. Ол кезде Кеңшілік Кеңесұлы Әділет министрлігінде қызмет істейтін. Кеңселерінен пайдалану уақыты өтіп кеткенімен, әлі де жарамды қызметтік

стол, кресло, орындықтар, «Ятрань» машинкасы секілді керекті заттарды жалдамалы жүк көлігіне тиеп, бір күні маған алып келді. Жанашырлығы ғой. Осының өзі оның айналасындағы адамдар жайлы өмір сүріп, қиналмай қызмет істесе деген қамқорлығын көрсетпей ме? Себебі ол кезеңде жайлы креслоны айтпағанда, қолжазбаларды басатын машинка табу қиынның қиыны еді. Бүтін ұжымға ортақ бір ғана машинка болатын. Бұл мен үшін керемет, баға жетпес сыйлық болды. Досымыздың бейнесі біздің есімізде тек жақсы қырларымен сақталған. Әттең, тағдыр жақсы адамның өмірін тым қысқа етті...

Ержан ДАНАБЕКОВ,
Жетісу облысы Ауған соғысы ардагерлері ұйымының төрағасы:

«СОҒЫС ДЕГЕН БІР СЫНАҚ»

Талдықорғанда жасақталған жігіттерді Үштөбе станциясына апарып сапқа тұрғызды. Шокуров деген майор «Ауғанстанға кетесіңдер. Кім қорықпайды, сапта қалыңдар. Қалғандарың боссыңдар» деді. Сонда тізіліп тұрған үш жүзден астам адамнан елуге жуық жігіт сапта қалдық. Соның ішінде Кеңшілік те бар еді. Пойызбен Ташкенттен асып, Түрікменстанның Тақта Базар деген құмды даласында 15 күн дайындықтан өттік. Содан кейін «Тығыз тапсырма түсті. Араларыңнан 54 жүргізушіні алып кетеміз» деді. Бұл іріктеуде Кеңшілік секілді 52 қазақ, бір орыс, бір татар қалдық. Ауғанстан шекарасындағы Кушкада (Түрікменстан) әскери форма кигізіп, ант қабылдатып, 602-батальон құрамына кіргізді. Сөйтіп, Тургунди-Герат-Шындант – Кандагар қалаларының арасында «КамАЗ» автокөлігін тізгіндеп, авиациялық керосин тасыдық. Командирлер сауатты, шымыр да шыныққан, батылдығымен аразмызда ерекшеленген солдаттарды бөлектеп, аса маңызды тапсырмаларды соларға беретін. Сол себепті болар, Кеңшілікке жараланған солдаттарды Ауғанстан шекарасынан асып, Кеңес Одағы жеріндегі ауруханаларға таситын «УАЗ-469» маркалы

автокөлігі беріліп, зор сенім мен үлкен жауапкершілік жүктелді. Өзіне артылған міндетті Кеңшілік те мінсіз атқарды. Бұл оның қандай іс жүктелсе де мінсіз орындайтынын көрсетті.

Аймұхан ҚАДЫРОВ, зейнеткер судья:

«ЖАҚСЫДА ЖАТТЫҚ ЖОҚ»

Алматы облыстық соты қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының судьясы болып қызмет атқарып жүрген кезімде Кеңшілік Абдельдинов судья болып келді. Келген бойда судьялық қызметтің қыр-сырын тез арада меңгеріп кетті. Сонымен қатар Кеңшілік жаңа ұжымға да тез сіңіп, әріптестермен тіл табыса білді.

Кеңшілік бауырымыз бір қарағанда тәкаппарлау көрінгенімен, шынайы өмірде өте кішіпейіл, үлкен адамға ілтипаты мол, жалпы кез келген адамға қол ұшын беріп жәрдемдесуге дайын тұратын, өте қайырымды кеңпейіл жігіт еді. Патша көңілді, әзіл-қалжыңы өзіне жарасқан, ақжарқын азамат болатын. Сонымен қатар Кеңшілік айтқанынан қайтпайтын, тік мінезді, қайсар жігіт еді. Шыншыл адам, жамандыққа, жалғандыққа жаны қас болатын. Теріс әрекеттері көңіліне қонбаған, ұнамаған адамдарға бет-жүзің бар демей, ақиқатты айтып салатын.

Кеңшілік сегіз қырлы, бір сырлы жігіт еді. Бұл жай құрғақ сөз емес, жақсының жақсылығын айту, даралығын көрсету үшін айтылған шынайы пікір. Кеңшіліктің адамдық қасиетімен бірге, енбекқорлығы, білімі мен парасаттылығы қатар тұратын. Сонымен қатар, ол салауатты өмір салтын сақтай отырып, қызметпен бірге үнемі спортты қатар алып жүрді. Нақты мамандығы заңгер болса да, техникадан хабары мол еді. Автокөлікті жүргізіп қана қоймай, жөндей де білетін. Ұқыптылық пен тазалық бойынан бірден байқалып тұратын. Иә, әріптесіміздің айта берсе таусылмайтын жақсы қасиеті мол еді.

Өкінішке орай, сұм ажал Кеңшілікті аразмыздан тым ерте алып кетті. Бауырымыздың жаны жәннатта болып, Алланың рахымына бөленсін деп тілейміз.



Республикалық Судьялар спартакиадасы.
Кеңшілік – Алматы облысы волейбол командасының белді мүшесі

Гуляйм ШИНТАЕВА , адвокат:

«АҚИҚАТЫН АЙТҚАН АЛҒЫС АЛАДЫ»

2016 жылы ҚР ҚК-нің 99-бабы, 1-тармағымен айыпталған сотталушыға қатысты қылмыстық іске Алматы облыстық адвокаттар алқасының мүшесі – қорғаушы ретінде қатыстым. Қылмыстық іс Алматы қаласындағы мамандандырылған ауданаралық қылмыстық істер жөніндегі сотта қаралды. Сот процесі судья Кеңшілік Абдельдиновтің төрағалық етуімен өтті. Қылмысты жасады деп айыпталған тұлға Өзбекстан Республикасының азаматы болатын. Сот процесінде сотталушы бұл қылмысқа қатысы жоқ екенін айтты да, шарасыздықтан жылап жіберді. Сараптама қорытындысында қылмыстық оқиға орнынан алынған саусақ іздері сотталушынікі емес екені көрсетілгендіктен, төрағалық етуші сарапшыны сот отырысына шақыртып, жауап алды. Сарапшы сараптама қорытындысын толықтай қуаттап, ол іздердің нақты бір тұлғаға тиесілі емес екенін айтты. Яғни, сарапшы қылмыстық оқиға болған жерде басқа да тұлғалардың болғанын жоққа шығармады.

Қорғау тарапы қылмыстық оқиға болған жерге, яғни, адам өлімі болған жертөлеге

сот алды тергеп-тексеру орнының иіс алуға зерттеу (одорологиялық сараптама) жүргізілмегендігін айтып, өтінішхат түсірдік. Өтінішхатымызды төрағалық етуші қанағаттандырды. Сараптама өткізіліп, оның қорытындысы бойынша сотталушының қылмыс орнында болмағандығы анықталып, бекітілді. Осыған байланысты сот қылмыстық істі прокурорға қайтарып жіберді. Сонымен қайта тергеу барысында осы қылмыстық іс бойынша адам өлтіруге менің қорғауымдағы азаматтың қатысы бар екендігі дәлелін таппай, жоғарыда көрсетілген бап бойынша қылмыстық іс қысқарды. Бұл – Кеңшілік Абдельдиновтің әр іске тыңғылықты қарап, ақ пен қараны анықтауға терең мән беретінінің нақты дәлелі еді.

2018 жылы Алматы қаласында «Пионер» атты түнгі клубта төбелес шығып, аяғында бір адам қаза болады. Сол жерде болған біраз адам ұсталған. Менің қорғауымдағы азамат А. бастапқы кезде өзінің бұл қылмысқа қатысы жоқ екенін айтып, шырылдады. Оның «кінәм жоқ» деген уәжі іс бойынша жинақталған дәлелдермен расталған. Яғни, іс бойынша жиналған бейнежазбалардан ол адамның қылмыстық оқиға орын алған жерде болмағаны анықталған. Сонымен қатар сараптама қорытындысына сәйкес А.-ның саусақ таңбалары еш жерде кездеспеген, іс

бойынша пышақ жоқ. Осы аталған мән-жәй-ларға қарамастан сот алды тергеп-тексеру органы А.-ға қарсы ҚР ҚК-нің 106-бабымен іс қозғап, оны қамауға алған. А.-ның айтуына қарағанда сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы оны ұрып-соғу арқылы қылмыс жасады деп мойындатқан...

Қылмыстық іс сотқа жіберілген соң, судья Кеңшілік Абдельдиновтің өндірісіне түсіп, қаралды. Ақырында қылмыстық іс бойынша сотталушы А.-ның кінәсіздігі дәлелденіп, ол толық ақталды.

Осы қылмыстық істерге қорғаушы ретінде қатыса отырып, сот процестеріне төрағалық етуші болған Кеңшілік Абдельдиновтің кәсіби әрекеттеріне тәнті болдым. Себебі ол кісі қылмыстық істі қарауда сабырлылық, сонымен қатар аса қырағылық танытып, іс материалдарын зерттеуде асығыстық жасамай, істі егжей-тегжейлі, жан-жақты және объективті түрде қарады. Сондықтан қылмыстық іс бойынша бірде-бір мағлұмат, дәлел-дәйектер судья назарынан тыс қалмады. Сот процестерінде судья дәлелдердің жиынтығын толыққанды түрде зерттеуге жағдай жасап, мүмкіндік берді және өзі бүкіл дәлелдерді жоғары жауапкершілікпен зерделей келе, олардың құқықтық тұрғыдан нақты бағасын берді. Осындай жоғары парасаттылығымен, қара қылды қақ жарған әділеттілігімен, ол кісі қарапайым адамдардың шынайы алғысына әрдайым бөленіп жүрген еді.

Айдар ЖАНАДІЛОВ,
Прокуратура органының ардагері:

«ӘКЕГЕ ҚАРАП ҰЛ ӨСЕР»

Кеңшілік досқа адал, ешкімге кек сақтамайтын, ұрыс-керісті ұнатпайтын, оңайлықпен ашуланбайтын, ашулана қалса, тез ұмытатын азамат еді. Айта берсе, жағымды қасиеттері өте көп. Бүкіл ауылдастарымыздың есінде қалған бір оқиға: Кеңшіліктің әкесі Кеңес аға экспедитор болды. Ауылдың керек-жарағын тауып, қамтамасыз ету ісі сол кісіге жүктелген. Содан Кеңес аға автокөлікке тапсырыс беру мақсатында ГАЗ-53

маркалы автокөлігімен жанына 14 жастағы ұлы Кеңшілікті алып, Фрунзе қаласына барған. Сол жердегі құзыретті мамандар Кеңес ағаға тапсырыс берген автокөлік дәл қазір дайын тұр, бүгін алып кетпесең, ертең басқаға кетіп қалады дейді. Кеңес аға ауылы зәру болып отырған автокөлікті қайтсе де алып кету үшін, амалсыздан бір автокөлікті өзі тізгіндеп, екіншісінің рөліне Кеңшілікті отырғызады. Сонымен небәрі бір мүшел жасында-ақ мың шақырым қашықтықта орналасқан Фрунзе қаласынан су жаңа автокөлікті ауылға жеткізіп елді бір қуантқан еді досымыз.

Адам фәниден озғанда ол туралы айтылып, жазылған естеліктерді естіп, оқығандар іздеушісі, жоқтаушысы бар екенін аңғарады. Сұңғыла судья Кеңшілік Абдельдиновтің ісін ұлықтап, жақсы қасиетін жұртшылыққа жеткізуге ынталылар аз емес. Бұл да болса азаматтың өмірінің текке өтпегенін, айналасына жақсыларды жинай білгенін көрсетеді. Туған бауыры Жақсыбек бүгінде ағасының орнын жоқтатпай, әулетіне бас болып, ағайын арасындағы бірлік пен татулықты сақтап отыр. Ал өзге бауырлары мен жұбайы Қанзия, ұлдары Елнұр мен Елдос Кеңшіліктің есімінің ұмытылмай, есте қалуы үшін бар күш-жігерін жұмсауда. Сондай-ақ, Алматы облыстық сотының судьясы Бақытжан Ниязов, Алматы қалалық сотының судьялары Азамат Абдраимов, Кәкен Касабулатовтар әріптестің жақсы істерін кейінгі буынға естелік, үлгі етуге ниет білдірген болатын.

Кеңшілік Кеңесұлы Абдельдинов арамьызда тірі жүрсе, биыл асқаралы алпыс жасқа толатын еді... Халыққа бергенінен берері көп азаматтың еліне жасағанынан, жасайтыны мол еді. Амал қанша, арда туған азаматты ажал шіркін арамыздан ерте алып кетті. Бірақ, артында өшпес із, өлмес рухы қалды. Кеңшіліктің орнын жоқтатпай отырған достары мен шәкірттері, шаңырағын құлатпай отырған жұбайы Қанзия мен ұлдары Елнұр, Елдосар көңілге демеу. Аманатына адал болған азаматтың жатқан жері жарық, рухы шат болғай!

Нұрбол ӘЛДІБАЕВ

КӘСІПОДАҚ ЖҰМЫСКЕРЛЕРГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ



Кәсіподақтар күні азаматтық қоғамдағы кәсіподақтардың рөлін нығайту мен дамытуға ықпал етеді. Қазақстандық кәсіподақтың тарихы туралы айтар болсақ, ол 1905 жылдың желтоқсанынан бастау алады, осы уақытта Ақмола уезінде Өспен мыс кенішінің жұмысшылары кәсіподаққа бірігіп, саяси және экономикалық талаптар қойды. Жарты жылдан кейін Оралда қалалық кәсіподақ ұйымы құрылды. 1906 жылғы шілдеде Қазалыда бүкілресейлік теміржол одағының аудандық комитеті құрылды. Сол кезден бастап кәсіподақтар еліміздің өмірінде орасан зор рөл атқарып келеді.

Ал қазақстандық кәсіподақтың заманауи тарихы Қазақстан кәсіподақтарының XIV съезі болып өткен 1990 жылғы 10 қазаннан басталады. 2019 жылдан бастап 10 қазанда Қазақстан Кәсіподақтарының күні атап өтіледі. Үкіметтің 2019 жылғы 22 мамырдағы № 303 тиісінше қаулысы нормативтік-құқықтық актілердің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды. Кәсіподақтар күнінің ресми мойындалуы жалпы азаматтық қоғамда кәсіподақтардың рөлін нығайту мен дамытуға ықпал ететіндігі қуанышты жайт. Кәсіподақтар, сондай-ақ, қызметкерлердің құқығын қорғауға, жұмыс берушілермен қарым-қатынаста олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, кәсіподақтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге баса назар аударып келеді.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «еңбек жанжалдары мен дауларының тек қолданыстағы заңнаманың аясында шешілуге тиістілігін және осы үдеріске тәуелсіз кәсіподақтарды тарту керектігін» атап өтті. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да кәсіподақтар университеттің тәртіптік, келісім, конкурстық сияқты барлық комиссияларының жұмысына қатысып, өз мүшелеріне ұдайы қолдау көрсетеді.

ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағы әлеуметтік мәселелерде жәрдем көрсетуді өздерінің басты міндеті ретінде санайды. Университет оқытушылары мен оқу-тәрбие қызметкерлерінің көпшілігі шипажайларда өз денсаулықтарын жақсартды, балаларын мектеп лагерлеріне жібереді. Ыстықкөл өзеніндегі шипажай-сауықтыру лагерінде 200-ден астам адам дем алды. Қиын өмірлік жағдайларда, сырқаттанған кезде немесе жақын туысқандары қайтыс болған сәттерде де кәсіподақ тысқары қалған емес. Университет қызметкерлерін, әсіресе, жастарды баспанамен қамтамасыз ету бойынша ақпараттық жұмыс жүргізілуде. Мұғалімдер күнінде, Қарт адамдар күнінде бөлімше қаржылай көмек көрсетті.

Жаңа басталған оқу жылында ҚазҰУ-да оқитын қызметкерлеріміздің балаларына оқу ақысының төлеміне шартта көрсетіл-

ген сомадан 15-25% мөлшерінде шегерім жасалады. Шегерім жасау туралы мәселені кәсіподақ «әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің қарауына шығарды. 2023 жылғы 8 маусымда директорлар кеңесі тиісті шешім қабылдады.

Кәсіподақ өзінің барлық мүшелерін атқарып отырған лауазымына қарамастан мерейтойларымен құттықтайды. Мерейтой иесіне кәсіподақ атынан алғысхат, гүлдер мен бағалы сыйлықтар тапсырылады. Кейбір мерейтой иесіне шипажайға жолдама беріледі немесе ішінара өтеледі.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ коммерциялық емес акционерлік қоғамы заң факультетінің аға оқытушысы PhD докторы Д.Рысқалиевтің «Әлеуметтік әріптестік жүйесі: теория мен практика мәселелері» атты баяндамасы үлкен қызығушылық туғызды». Баяндамашы әлеуметтік әріптестік маңызының зор екендігін атап өтті, өйткені еңбек-құқықтық, ұйымдастырушылық әлеуметтік-экономикалық қатынастарға бүкіл қоғам, кәсіпкерлік субъектілері – жұмыс берушілер, өздерінің қауымдастықтары арқылы барлық саланың қызметкерлері, олардың кәсіптік одақтары, кәсіподақ бірлестіктері тартылады. Әлеуметтік әріптестік субъектісі қызметкерлерінің бірлестігі ретінде Азаматтық қоғамның маңызды институттарының бірі, нақ осы кәсіптік одақтар болып табылады, олардың құқықтары ҚР Конституциясы 23-бабының 1-тармағында анықталған.

Кәсіподақтар қызметі Еңбек және Азаматтық кодекстерімен; «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Кәсіптік одақтар туралы» заңдарымен реттеледі. Еңбек заңнамасының негізгі қағидаттарының бірі «әлеуметтік әріптестікті нығайту мен дамытуға мемлекеттің жәрдемдесуі» болып табылады. Әлеуметтік әріптестердің негізгі міндеті әлеуметтік әріптестік пен диалогты дамытуға, әлеуметтік-еңбек жанжалдарын ескерту мен болдырмауға бағытталған шараларды өткізу.

Д.Рысқалиев әлеуметтік әріптестік жүйесіндегі ұжымдық шарттың маңызына ерекше назар аударған. Ұжымдық шарттың аясында қызметкерлерді әлеуметтік қорғау туралы заңнама нормаларын іске асыру, жетекші үкіметтік емес ұйымдармен, өңірлік және салалық кәсіподақ бірлестіктерімен диалогтық алаңдарды ұйымдастыру міндеті қойылады. Университетіміздің ұжымдық шартында азаматтардың арыз-шағымдарын қарау тәртібі туралы, еңбек ардагерлері туралы, қызметкерлерді әлеуметтік қорғау және еңбекті қорғау туралы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тиісті актілерін әзірлеуге кәсіподақтың қатысуы туралы ереже берілген.

Осындай игі шараларды іске асыруда кәсіподаққа университеттің заң факультеті үлкен көмек көрсетеді. Бұл ретте философия докторлары (PhD) Саида Асанова мен Роза Ережепқызын атауға болады. Кәсіподақ пен факультет әртүрлі мемлекеттік бағдарламалық құжаттарды, оның ішінде елдің әлеуметтік даму тұжырымдамасын жүзеге асыруға және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы нормативтік актілерді, ғылым және білім қызметтерін дамытуды талқылауға қатысады. Ғылым және білім қызметтерінің мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді.

Талқыланатын мәселелер бойынша жетекші мамандардың қатысуымен ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізіледі, қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың өзекті мәселелері бойынша түсініктеме беру, оларды оқу үдрісіне енгізу мақсатында оқу материалдары, оқу құралдары мен әдістемелік ұсыныстар, білім бағдарламалары әзірленеді.

ҚазҰУ-да қолданылатын ұжымдық шартта қызметкерлердің еңбекақысын төлеудің қосымша тетіктері және оларды іске асыру, университет басқару органдары қабылдаған шешімдерді жүзеге асыруда қоғамдық бақылауды күшейту тәсілдері айқындалған. Ұжымдық шарт заңнамаға, Бас және Салалық келісімге сай келеді, Даму стратегиясын іске асыруға бағытталған.

Шараларда БҰҰ тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) қозғалады. Кәсіподақ белсенділері пікірсайыс барысында ТДМ-ның кедейшілік пен жоқшылықты жоюға, теңсіздікпен және әділетсіздікпен күреске, сондай-ақ, ғаламшарды қорғауға, бейбітшілікпен және бүкіл халықтың гүлденуін қамтамасыз етуге бағытталған ғаламдық тұрғыда қабылданған мақсаттар екенін бірнеше мәрте атап көрсетті.

Елдегі өмірдің барлық негізгі салаларын тұрақты дамытуға және бұл әлемде әрбір адамға қатысты ғаламдық проблемаларды шешуге қабілетті өзекті бағыттар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да дамытылып жатыр, бұған «Парасат» кәсіподағы белсенді қатысуда. Университетте арнайы орталық – тұрақты даму жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасы ашылды. Осы кафедраның негізгі қызметі Азия аймағында тұрақты даму және экология проблемаларын қолайлы шешу үшін әріптес университеттердің білім, ғылыми-зерттеу және қоғамдық қызметін жұмылдыру болып табылады. Осы кафедраның бастауыш кәсіподақ ұйымын кәсіподақ мүшесі және кәсіподақта 20-жылдан астам өтілі бар Н.Бергенева басқарады.

Мысалы, ТДМ – Мықты денсаулық пен игілікті кәсіподақ маңыздылардың бірі деп санайды. Осы мақсат шеңберінде жыл сайын қаңтарда университетте «Парасат» кәсіподағы Спортклубпен бірлесе отырып, қызметкерлер мен ПОҚ үшін дәстүрлі спартакиада өткізеді. Оқытушылар спорттың алты түрінен волейбол (ерлер, әйелдер), мини-футбол, бадминтон, үстел теннисі, ұлттық ойын тоғызқұмалақ бойынша сайысқа түседі. Кәсіподақ университет әйелдері қатысатын «Денсаулық» тобы жатықтырушысының жұмысын төлейді.

ТДМ 5-ті жүзеге асыру үшін «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де Әйелдер одағы» қоғамдық бірлестігі жұмыс істейді. Оны филология факультетінің деканы, ҚР ҰҒА член-корреспондент-мүшесі, ғылым докторы, профессор Баян Жолдасбекова басқарады. Ұйымның мақсаты әйелдердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға жәрдемдесу, университеттің қоғамдық, экономика-

лық, әлеуметтік және мәдени өмірінде әйелдердің рөлін нығайту болып табылады.

Әйел қазір заманауи қоғамда екі маңызды рөл атқарады – ол отбасында жайлылық жасайтын ана және әйел, сондай-ақ, қызметкер және кез келген мансапта айтулы табыстарға жететін бизнес-ару, басшылық лауазымдарды атқарады. ХХІ ғасыр әйелі өзінің бақыты үшін өз өмірінің басты салаларын, атап айтқанда, отбасы мен жұмысты үйлестіре білу, сол арқылы әртүрлі рөлдердің бір-бірімен түйіспеуі және тіршіліктің барлық саласында өзін толық көрсете білу екендігін айқын сезінеді. ҚазҰУ қызметкерлері «Парасат» кәсіподағында бастауыш ұйымдардың көпшілігін нәзік жандар басқарады.

ТДМ 17 – басым бағыттың бірі. Тұрақты даму үшін әріптестік мақсатында ҚазҰУ шетел студенттерінің үлесін 2026 жылы 25% дейін көбейтуге ұмтылуда және мемлекеттерінің географиясын 50 елден 100 елге дейін кеңейтуді жоспарлауда. Қазір шетел студенттерін жалпы медицина, ақпараттық жүйе, халықаралық қатынастар, менеджмент, биотехнология, қазақ тілі сияқты оқу бағдарламалары қатты қызықтырады. Оқытушылардың 37% сабақты ағылшын тілінде өткізеді, 3 мыңға жуық студент ағылшын топтарында оқиды.

Заңнама, кәсіподақ жұмысы, өз универси-

тетінің тарихы бойынша білімдерін кәсіподақ жетекшілері мен мүшелері «Оі-lik» зияткерлік ойыны кезінде көрсете алады. Ал жеңімпаз командаға жүлде ретінде театрға билеттер берілді.

Үздік кәсіподақ жетекшілеріне «Ерең еңбегі үшін» медалі мен кәсіподақ марапаттары тапсырылды. Кәсіподақ белсенділері жаңа жоспарлар мен идеяларды жиі ұсынады және өздерінің туған ұжымы үшін бел шешіп жұмыс істеуге дайын.

Кәсіподақ алдында тұрған міндеттерді шешуге, ұйымдық бірлікті нығайту, кадрлық құрамның тұрақтылығы, ақпараттық ресурстарды, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлері «Парасат» кәсіподағының университет бөлімшелерінің кәсіподақ ұйымдарымен ықпалдастық деңгейін дамытудың арқасында қол жеткізілді.

Ольга ЛОЖНИКОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
қызметкерлерінің
«Парасат» дербес кәсіподақ
төрағасының орынбасары.
Серікқали ТЫНЫБЕКОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
азаматтық құқық,
азаматтық іс жүргізу және
еңбек құқығы
кафедрасының профессоры.

АЛАЯҚТАРҒА АРБАЛЫП ҚАЛМАҢЫЗ

Д е р е к т е р
мен дәйектерге
көз жүгіртсек,
соңғы жылда-
ры Атырау қа-
ласында интер-
нет-алаяқтық
жасаушылар-
дың саны кө-
бейгені байқа-
лады. Заманауи
технологиялар-
ды тиімді пай-
далана отырып,
қылмыскерлер
әртүрлі тәсіл-
дерді қолдану-



да. Олардың ішінде ең көп тарағаны – веб-сайттар арқылы жәбірленуші өзі ақша аударып, кейіннен тапсырысын ала алмай қалу, меншік иесімен немесе мүліктің заңды иегерімен арасындағы сенімдік қатынастарды өз мақсаттарына пайдалану деректерін айтуға болады.

Әлеуметтік желілерде алаяқтар өз құрбандарының парақшаларын ашып, олардан шұғыл материалдық көмек сұрап немесе туысқандарының атынан жалған өтініш жіберетін жағдайлар жиі кездеседі. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қаншама рет айтылып жатса да, көптеген адамдардың шектен тыс сенгіштігі мен құқықтық сауатының төмендігі оларды қаржы пирамидаларының қақпанына іліктіруде. Сөйтіп, бел шешіп жұмыс жасамай-ақ баю ниеті олардың арам пиғылына кең жол ашуда.

Салымшылардың миллиондаған қаржысын айналымға салып отырған банк саласында да интернет-алаяқтық күннен-күнге көбейіп келеді. Олар салымшыларға өздерін тұрғылықты банктердің қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері ретінде таныстырып, клиенттерге шоттарында күдікті операциялар немесе жүйенің сол сәтте дұрыс жасамай тұрғанын хабарлайды. Сенімге кіргеннен кейін ақшаны өздерінің, яғни, жалған шотқа аударуды ұсынады немесе банк картасының толық деректерін алдап алып, шоттағы бар-

лық ақшаны иеленіп кетеді. Жыл басынан бері жеті жүзден астам адам алаяқтардың құрбанына айналып, бүкіл жиған-тергенінен айырылды. Бұл фактілер тұрғындарымыздың тым сенімпаздығын, аңқаулығын, әлі де болса жеңіл табыс табуға бейім екендігін көрсетеді. Бұл жерде әрбір салымшы банк қызметкерлері үшін өз клиенттерінің қарточкалық шот бойынша деректерін немесе интернет банкинг паролін сұрауы міндетті емес екендіктерін білгендері жөн.

Жоғарыда атап өтілген қателіктерге болашақта жол бермеу үшін құқық қорғау органдарына облыс орталығындағы барлық екінші деңгейдегі банктерге алдын ала ескерту ережелері туралы клиенттерді қолжетімді байланыс құралдарымен хабардар ету ұсынылды.

Кейбір банктерде онлайн-несие қарыз алушының жеке қатысуынсыз қашықтан рәсімделеді. Осы мүмкіндікті интернет-алаяқтар өз мақсаттарына тиімді пайдалануда. Қарыз алушылардың алатын қарыздарын рәсімдеу кезінде жеке тұлғаларды сәйкестендіруді (идентификациялау) міндетті түрде енгізсе, біраз алаяқтың жолы да, қолы да кесілері еді. Сондықтанда, әрбір салымшы егерде күдікті СМС немесе таныс емес адамдардан қоңыраулар түскен жағдайда, дереу тұрғылықты полиция органдарына хабарласып, тез арада банктегі өз шоттары мен кредиттік тарихын тексеріп отырулары шарт.

Тауарларды интернет арқылы сатып алған кезде тек тексерілген сайттардан сатып алу керек. Әрі бұл қос сайт емес, ресми бет екеніне көз жеткізгеніңіз жөн. Көбінесе қылмыскерлер бір-біріне ұқсас сайттар арқылы жұмыс жасайды да, ондағы ресурстың сипаттамасын өзгертеді. Банктердің логотиптерін, танымал брендтерді пайдаланады. Егер де сізден тауар үшін алдын ала төлем сұралса, алдын ала төлем шарттарын мұқият оқып, тексеріп шығу керек. Көп жағдайда алаяқ басқа адамнан алаяқтық жолмен алған жеке куәлігінің фотосуретін жібереді. Егер сіз басқа қалада тұрып тауарға тапсырыс берсеңіз, ағайын-туыстарыңыздан, таныстарыңыздан ондай тауардың бар-жоғын және ұсынылған сипаттамаларға сәйкес келетін келмейтінін тексеруді ұмытпаңыз.

Инстаграмм арқылы тауарларды сатып

алар алдында, сатушының ресми мекенжайын, сонымен бірге, ватсаппен немесе бейне байланыс арқылы құжаттарын тексеріп, дұрыстығына міндетті түрде көз жеткізу қажет.

Көп жағдайда аты-жөніңізді атап «Сіз бүгін жеңімпаз атандыңыз, Сізге арналған қомақты сыйлығымыз немесе қаржылай ақша ұтысы бар. Оны тезірек алу үшін жеке құжатыңыздың көшірмесін жіберіңіз» деп ұялы телефонға СМС хабарламалар түсіп жатады. Ондай жалған хабарламаларға құжаттардың көшірмесін әсте жіберуге болмайды.

Азаматтардың барды-жоқты құжатпен ақша алуға деген мүдделілігін пайдаланып, сол арқылы олардың сенімдеріне кіріп жүрген алаяқтар түбі ұсталады. Ал олардың иеленіп кеткен қаржыларын кері қайтару, тергеу, тексеру органдары үшін үлкен қиындықтар туғызады.

Бүгінгі таңда цифрландыру мен қашықтан көрсетілетін қызметтердің дамуымен бірге тұтынушылық кредиттеу нарығында азаматтарға жалған қарыздарды алаяқтық жолмен рәсімдейтін интернет алаяқтың жаңа түрлері мен әдістері пайда бола бастады. Атап айтқанда, интернет арқылы қызмет көрсету және сауда жасау, өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, салымшылардың жеке деректерін иемдену және өзге біреудің атынан онлайн-несие рәсімдеу арқылы жасалатын қылмыстарды көрсеткен жөн. Интернет алаяқтықтың бел алуының негізгі және басты себебі азаматтардың сенгіштігі. Ондай қылмыстарды ашу және тергеуде біршама қиындықтар бар, өйткені, қылмыскер үшінші адамдарға тіркелген әртүрлі банк карталары мен карталарды, сондай-ақ, әртүрлі абоненттік нөмірлерді тиімді пайдаланды. Өздері тасада тұрып ақша қаражаттарын шешіп алу үшін үшінші адамдарды пайдаланады. Мұндай қылмысты ашуда барлық деректерді терең талдау керек. Бұл қосымша білікті адам ресурсын, уақытты талап етеді.

Сондықтанда, қаламыздың әрбір азаматы сенімсіз, белгісіз адамдардан түрлі хабарламалар түскен жағдайда міндетті түрде құқық қорғау органдарына хабарласулары керек.

Бахытгүл ДЮСЕБАЛИЕВА,
Атырау қалалық №2 сотының
төрағасы

ОРТАҚ МҮЛІКТІ БӨЛУ ЗАҢДЫЛЫҒЫ



**Гүлнұр БЕКЕЖАНОВА,
Курчатов қалалық сотының судьясы**

«Дүние – қолдың кірі» дегенімізбен, отбасылық кезеңде жинаған әрбір мүліктің ерлі-зайыптылар үшін орны бөлек. Кейбіреулер осы материалдық құндылықтың соңында жүріп отбасындағы жылылықты азайтып алғанын кеш түсініп жатады. Осылайша бір-бірімен тіл табыса алмай, жат адамға айналғандарға мүлікке қатысты ортақ келісімге келудің оңай болмайтыны түсінікті. Мұның соңы екеуара дауды сот көмегімен шешуге ұласады. Әрине, ерлі-зайыптылар арасында неке шарты жасал-

Сот өндірісіндегі істердің басым бөлігін бүгінде неке бұзу арыздары құрайды. Расында соңғы жылдары ажырасу өте көп. Ал ажырасудың арты ерлі-зайыптылар арасындағы ортақ мүлікті бөлу туралы дауларды туғызуда. Некені бұзғанда айтарлықтай реакция танытпаған жұптардың мүлікті бөлудегі белсенділігі жоғары. Дегенмен, бұл жерде некені бұзу ғана емес, мүлікті бөлудің де заңмен реттелетінін ескерген абзал.

са, мүлікті бөлу анағұрлым жеңіл. Неке шарты отбасын құрмай тұрып, отбасылық кезеңде де жасалады. Алайда, өркениетті елдерде болмаса, Қазақстанда неке шартын жасау тәртібі әлі қалыптаса қойған жоқ.

Неке шарты болмаған соң ортақ мүлікті бөлу сот тәртібімен реттеледі. Елімізде 2012 жылдан бері қолданылып келе жатқан «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінде мүлікке иелік етуге қатысты талаптар толық көрсетілген. Осы құжатта дәйектелгендей, некеде тұрған уақытта ерлі-зайыптылар жинаған мүліктер ортақ меншік деп танылады. Бұл жерде мынаны ескеру керек. Мәселен, ерлі-зайыптылардың некені заңды түрде рәсімдемей тұрып алған мүліктері бөлуге жатпайды. Сондай-ақ, некеде тұрғанның өзінде, ерлі-зайыптының біріне жақындарынан мұрагерлікке қалған мүлік те бөліске түспейді. Бұған қоса, некеде тұрған кезде жұптардың жеке пайдалану үшін алған қажетті заттары да ортақ мүлік санатына кірмейді.

Алматы қаласы Медеу аудандық сотының судьясы Камшат Мелісқызының айтуынша, отбасылық кезеңде алынған мүлікті туыстарының атына жаздыру практикасы жиі кездеседі. Себебі, мемлекеттік органдарда жұмыс істейтіндер мемлекеттен жеңілдікпен үй алу үшін басында жылжымайтын мүлкі болмауы керек. Өзіне игілік жасаймын дегендер осылайша барынан ажырап қалуы әбден мүмкін. Өйткені, ажырасқан кезде тараптарға бұл мүлікте өзінің үлесі барын дәлелдеу қиын.

Судьяның айтуынша, мүлікті бөлуде нақты дәйектер мен дәлелдер назарға алынады. Айталық, Алматы тұрғыны бұрынғы зайыбының ата-анасынан мұрагерлікке қалған үйден үлесін даулаған. Неке және отбасы туралы кодексын алға тартып, бұл талапты қанағаттандырудан бас тартуға болар ма еді. Қалай десек те кодексте ерлі-зайыптылардың қайсысының атына сатып алынғанына немесе қайсысының ақша салғанына қарамастан, некеде тұрған кезде жинаған кез келген мүлік ортақ меншік болып табылады. Азаматтық кодекстің 223-бабына сәйкес ерлі-зайыптылардың отбасылық кезеңде алған бұл мүлкі бөлуге жатады. Бірақ, жоғарыдағы талапкердің арыздануына негіз де жоқ емес. Құжаттарда көрсетілгендей, үй әйелге әкесінен мұрагерлікке берілгенімен, оны жөндеуде ер-азаматтың үлесі үлкен. Себебі, бала тәрбиесімен отырып, жұмыс істемеген әйел үйді әрлеуге, жөндеуге араласпаған.

Ал ер-азамат үй мұрагерлікке берілген кез бен қазіргі кездегі айырмашылықты нақты дәйектермен сотқа ұсынды. Онда іргетасы мүжіліп, қабырғалары түсіп, шатыры ескірген үйдің орнында екі қабатты, жаңа үлгіде салынған, еңселі үй тұрды. Сонымен қатар, азамат осы жөндеуді жасаған құрылыс компаниясына қанша ақша жұмсалғанын шот-фактураларымен дәлелдеп берді. Сондықтан, сот мұрагерлікке берілген үйден ер-азаматтың үлесін беруді әйелге міндеттеп, шешім шығарды.

Жалпы, сот ортақ мүлікті бөлу кезінде нақты фактілерге, құжаттарға сүйенеді. Сонымен қатар, отбасылық дауларды, мүлікке қатысты келіспеушіліктерді таразылағанда медиацияға басымдық береді. Бұдан даудың бітіммен бітуі судьяға тиімді деген асығыс түсінік қалыптаспауы керек. Отбасылық келіспеушіліктерді медиация арқылы реттеу ең алдымен ерлі-зайыптылардың өзіне керек. Себебі, неке бұзылғанмен, арадағы сыйлас-

тықты сақтап қалу олардың өзіне де, жақындарына да маңызды.

Бұдан бөлек, дау ұзаққа созылмас үшін тараптар сотқа жүгінер алдында бөлісуге тиесілі мүліктерді айқындап, олардың нарықтағы құнын бағалатуы керек. Бұл қызметті ақылы түрде тәуелсіз бағалаушы ұйымдар атқарады. Мүлікті бағалатқан соң талап қоюшы өзіне қалатын мүліктің нарықтағы құнының 1 пайызы мөлшерінде мемлекеттік баж төлейді.

Ерлі-зайыптылардың бірі ортақ мүлікті зайыбының келісімін сұрамай сатқан жағдайда, мүлікті бөлу кезінде оның нарықтағы бағасы есепке алынады. Сондай-ақ, мүлікті бөлуде алынған қарыз, несиенің де көлемі ескеріледі.

Медеу аудандық сотына жүгінген Мадинаның айтуынша, отбасының бұзылуына күйеуінің құмар ойынға қызығушылығы себеп болған. Бар тапқанын ойынға жұмсаған күйеуі отбасын, балаларын ұмытқан. Тіпті, әйелінің қарсылығына қарамастан бірігіп алған автокөлікті де сатып жіберген. Осы істі қарағанда сот кәмелетке толмаған балалардың мүддесін, ерлі-зайыптылардың бірінің құқығын ескере отырып мүлікті рұқсатсыз сатып, талан-таражға салған адамның үлесін шегеруге құқылы. Сондай-ақ, жылжымайтын, жылжитын мүлікті сатудан түскен қаржыны отбасына емес, ойынға, ішімдікке, нашаға жұмсағаны дәлелденсе, сот мүліктің құнын екінші тараптың пайдасына өндіруі мүмкін.

Ортақ мүлікті бөлу туралы талаптар үш жыл ішінде қаралуы керек. Осы жылдар ішінде өзара келісімге келгенімен, мүлікке қатысты келіспеушілік болғанда тараптар сотқа талап қоюмен жүгіне алады. Ал үш жыл өткеннен кейін ортақ мүлікті бөлуге қатысты арыз сотта қаралмайтынын ескеру керек. Бұл мерзім, сондай-ақ, сот шешіміне сай неке бұзылып, шешім заңды күшіне енген күннен бастап есептеледі. Егер неке азаматтық хал актілерін тіркеу органдарында бұзылған жағдайда, тіркеу кітабында неке бұзу дерегі рәсімделген күннен бастап есептеледі.

Сонымен қатар, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу кезінде отбасылық одақ кезінде алынған несие, берешектері берілген үлестің көлеміне сәйкес бөлінеді. Тағы бір қаперде ұстарлығы, ерлі-зайыптылардың біреуінің атына салынған банктік салымдар ортақ мүлік болып табылады, сәйкесінше бұл сома да бөлісуге жатады. Ал кәмелетке толмаған балалардың атына салынған қаржы бөліске түспейді.

КАССАЦИЯЛЫҚ САТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ



Республикамыз тәуелсіздік алғаннан бері сот-құқықтық саладағы реформалардың өзекті мәселелері жоғары билік пен биліктің заң шығарушы тармағының да, заңгерлер қауымы мен сот қауымдастығының да күн тәртібінен түспей келеді.

1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституцияда заң шығарушы және атқарушылықпен қатар, биліктің үшінші бір буыны – сот тармағы бекітілгені белгілі. Осының заңды жалғасы ретінде «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық заң қабылданды да, құрылған Біліктілік алқасы мен Жоғарғы Сот Кеңесі судья лауазымына даярлығы бар білікті заңгерлерді іріктеуге мүмкіндік алды.

2015 жылдан бастап отандық сотта үш сатылы жүйе енгізілді. Осы уақыт бедерінен бергі сот тәжірибесі бұл жүйенің кемшін тұстары бар екендігін де анықтап берді. Мәселен, кассациялық шағым Жоғарғы Сотқа түседі де, судья істі кассациялық сатыға беру туралы мәселені жалғыз өзі шешеді немесе істі кассациялық тәртіпте қарауға беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарады.

Еліміздің Президенті сот өндірісін жеңіл-

дету және сот төрелігін жұртқа жақындату туралы ескертсе де, қолданыстағы сот статистикасы кассациялық шағымды шешу бір судьяның қолына берілетінін, дауды шешуде оның субъективті көзқарасы басымдық алатынын айғақтап отыр. Екіншіден, тараптардың сот отырысына қатысу үшін Астанаға алыстан келуге мәжбүр болатыны да халыққа ыңғайсыздық тудырады. Демек, әрбір кассациялық шағымды сот талқылауына қатысушыларды түгелдей хабардар ете отырып толыққанды кассациялық сатыда қарау тәжірибесін енгізу кезек күттірмейді. Бұл сот төрелігін жүзеге асыру сапасының түбегейлі жақсаруына және сотқа қатысушылардың құқықтарын қорғауға септігін тигізері анық.

Біздің ойымызша, ең тиімдісі облыс орталықтарында тәуелсіз кассациялық соттардың құрылуы болмақ. Ал Жоғарғы Сот төрағасы мен Бас Прокурордың ұсынысы бойынша істерді шешуді және нормашығаруды Жоғарғы Сот үлесіне қалдыру керек.

Бүгінде қылмыстық және азаматтық істердің тек 5 пайызы ғана кассациялық тәртіпте қаралады. Бұл аздық етеді және азаматтардың сұранысын қанағаттандырмайды. Бұл туралы Мемлекет басшысы отандық бизнес өкілдерімен кездесуінде тілге тиек еткен болатын. Сонымен бірге, Қасым-Жомарт Тоқаев тәуелсіз кассациялық инстанцияны құру мәселесі бойынша заң және бизнес-қоғамдастықтың шұғыл кеңесі қажет екенін атап өтті.

Кассациялық сот – төменгі органдар шығарған сот шешімдерін қадағалайтын және түзететін сот жүйесінің бір түрі. Істерді кассациялық сатыдағы сотта қарау белгілі бір негіздер бойынша ғана мүмкін болады. Кассациялық соттың негізгі міндеті – сот шешімдерін қабылдау кезінде заңдардың дұрыс қолданылуы мен түсіндірілуінің сақталуын қамтамасыз ету. Ол істің нақты және дәлелді жақтарын қарастырмайды, тек заңның дұрыс қолданылуын заң жүзінде тексерумен ғана шектеледі. Кассациялық сатыдағы сот даулы іс материалдарын егжей-тегжейлі зерделемей, сот шешімдерін-

дегі нормалардың сақталуын тексеруге баса назар аударады. Кассациялық сот заң тәжірибесінде маңызды рөл атқарады және құқықтық жүйенің дамуына ықпал етеді. Оның шешімдері жаңа прецеденттердің орын алуы үшін және қоғамдағы дауларды шешуде өте маңызды. Мұндай сот жалпы юрисдикциядағы соттар жүйесінде соңғы шешуші инстанция ретінде әрекет етеді. Бұл істі кассациялық сотта қарағаннан кейін шешімге шағымдануға мүмкіндік жоқ деген сөз. Сондықтан, кассациялық соттың шешімі түпкілікті және міндетті болып табылады.

Кассациялық сатыдағы сот шешімдерінің заң тәжірибесі мен сот практикасын қалыптастыруда маңызы зор. Кассация біркелкі нормаларды белгілеуге, заңнаманы түсіндіруге және үйлестіруге, сондай-ақ, кейінгі істер мен сот шешімдеріне үлгі болатын жаңа прецеденттерді жасауға әсер етеді.

Кассациялық сот шешімдерінің жалпы заң тәжірибесінің дамуында орны ерекше. Прецедентті шешімдерді пайдалана отырып, заңгерлер мен адвокаттар бұрыннан қалыптасқан сот тәжірибесіне сүйене отырып, өз клиенттерінің мүдделерін алдын ала болжай да, білдіре де алады. Бұның өзі дауларды тиімдірек шешуге және сот ісін жүргізудің нәтижесін болжауға мүмкіндік береді.

Кассациялық сот сот жүйесін заңсыз шешімдерден тазарту функциясын да атқарады. Төменгі сатыдағы соттың шешімі заңсыз немесе негізсіз деп танылса, кассациялық сатыдағы сот оның күшін жойып, істі жаңадан сот талқылауына жіберуі немесе түпкілікті шешім қабылдауы мүмкін. Осылайша, кассациялық саты заң тәжірибесінде, прецеденттерді белгілеуде, құқықтық тәжірибені қалыптастыруда және дауларды шешуге ықпал етуде маңызды рөл атқарады. Оның шешімдері құқықтық жүйені одан әрі дамытудың негізі бола отырып, әділдік пен заңдылықтың үлгісіне айналуы тиіс.

Олжас СЕЙТЖАНОВ,
ҚР ИМ Б.Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы
бастығының орынбасары,
заң ғылымдарының кандидаты

БАЛА ТӘРБИЕСІН БЕСІКТЕН БАСТАҒАН ЖӨН

**Тәртіпке бас иген құл болмайды,
Тәртіпсіз ел болмайды**

Б. МОМЫШҰЛЫ

Статистикаға сенер болсақ, өкінішке қарай, жасөспірімдер жасаған, қатысқан қылмыстар еліміздің ірі қалаларында, әсіресе, Алматыда өршіп барады. «Тепсе темір үзетін» жастарымызды осындай құқық бұзушылыққа не итермелейді деген сұрақ кімді де болса ойлантары анық.

Қазіргі жастар көзі ашық, көкірегі ояу, көзге мінсіз көрінеді, дейтұрғанмен, осындай «мінсіз» көрінетін балаларымыздың қылмыстық іс-әрекеттердің құрбаны болып жатқанына қынжыласың.

Өзімнің көп жылдық еңбек тәжірибемде, яғни, ішкі істер органдарында қызмет атқарған уақытымда кәмелеттік жасқа толмаған, өрімдей балаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту істері көп болды. Сондай кезде жанға бататыны, көбісінің қылмыс істегенін түсінбейтіні немесе кеш түйсінетіні, тіпті, мұндай қадамға қалай барғанын өзі де білмейтіні.

Мысалы, көбісі «досым жүр кеттік деген соң, қайда, не үшін баратынымды сұрамай, артынан ере бердім» дейді. Ал аналары болса: «досым шақырып тұр, қазір келем деп,



**Б. АҚЫШЕВ,
Алматы Заң колледжі
құқықтану пәндерінің оқытушысы**

ішіп отырған асын тастай салып, жүгіре жөнелді, менің қайда барасың деген сұрағыма жауап та бермеді» – дейді. Туған ананың мейірімі мен қамқорлығын, махаббатынан достық қарым-қатынасты жоғары қоюдың соңы опық жегізуде.

Осылайша, дос көңілін жықпай, айтқанына көніп, айдауына жүріп, әртүрлі пәле-жа-

лаға, кейде құқық бұзушылыққа ұрынатындарын да сезбей де қалады. Тіпті, досының айтқанынан бас тартуды ұят санап, «бірге көрерміз» – деп әртүрлі қылмыстық іс әрекеттерге белсене қатысатындар да бар. Бір өкініштісі, ата-анасына «өзім істедім, еркекпін, өзім көтерем, сендер неге ренжіп, жылайсыңдар біраз жыл отырып шығам ғой» деп өздерін қайрап, бұл ісін «ерлікке» санайтындар да кездеседі. Не деген өзімшілдік! Ата-анасының, жақындарының қайғыдан қан жұтып жатқандарымен істері жоқ. «Баласы атқа мінсе анасы тақымын қысады, баласы арақ ішсе анасы у ішеді» деген тәлім сөздер осындайда айтылса керек.

«Сотталған» деген атақ «қара дақ» болып жабысып, өз өміріне, қалаберді ұрпақтарының келешегіне балта шабатынын мүлде ойламайды. Мұның себебі, жастарымыздың өз болашағына деген сенімсіздігі, өз өміріне деген немқұрайлылығында жатыр ма деп те ойлаймын. Бұған жұмыссыздық пен бекерге өткізген уақыт та кері әсер етеді. Елімізде жастардың бос уақытын тиімді әрі пайдалы өткізетін демалыс орындары тапшы, осының өзі олардың әртүрлі жолға түсуіне себеп болады.

Бірде түн ортасы ауа, жазбаларымды принтерден шығарайын деп, үйге жақын жердегі түнгі компьютерлік клубқа бас сұғуға мәжбүр болдым. Кіріп келсем, іші толған өрімдей қыз-жігіттер, көпшілігі қазақ жастары. Барлығы бір-бір компьютерге жайғасыпты. Жастары он бес пен жиырма бестер шамасы. Барлығының көріп отырғандары атыс-шабыс, қырғын төбелес, қатігездік әрекеттер. Құлақтарына құлаққап киіп алған. Алдындағы көріністерге берілгендері сонша орысша-қазақша былапыт сөздермен дауыстап айғайлап, қарқылдап күледі.

Кімнің кіріп-шығып жатқандарымен істері жоқ. Бәрі компьютердегі көріністерге жан тәнімен кіріп алған. Әрі қарай шыдау мүмкін емес еді. Тезірек «кетіп қалсам-ау» деп тағатсыздана бастадым... Осы сәтте ұлы Абайдың: «Бетті бастым, қатты састым, тұра қаштым жалма-жан» деген жай-күйі есіме түсіп кетті.

Күні-түні осындай көріністерді тамаша-

лаған жастарымыздың адамгершілік қасиеттерін жоғалтып, өзімшіл, қатыгез, мейірімсіз болып қалыптасары анық. Бұған оқу ордаларында, мектептерде орын алатын бопсалау, әлсізді, жалғызды, топ болып аяусыз ұрып-соғу фактілері дәлел.

Ақпарат көздерін ақтарсақ, кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстардың көбісі адам өлтіру, әйел зорлау, бопсалау, тонау және қарақшылық жасау сияқты ауыр, аса ауыр қылмыстар. Бұндай әрекеттерге баруға әлеуметтік жағдайлар, аяқ асты пайда болатын, эмоциялық әрекет жетегі және дос-жарандарының ықпалдары болатыны даусыз. Сондықтан, кейбір жастарымыз қылмысқа қалай барғандарын өздері де түсінбей, өкініп жатады.

Ал ата-анасы «менің балам «қой аузынан шөп алмайтын» жуас, қыздың мінезіндей биязы, оның мұндай қылмыстарға баруы мүмкін емес» – деп азар да безер болады. Сөйтіп, «әдепті» баласының осындай ауыр қылмыс жасағанына сенімсіздікпен қарайды. «Балама жақсы тәрбие беріп жатырмын, мұндай жүгенсіздікке баруы мүмкін емес қой» дейтіндер балаларының қылмыс жасағанын, қылмысқа қатысы бар екенін естіп, бармақтарын тістейді. Кейде, осындай әртүрлі құқық бұзушылықтарға жастар ата-ананы тыңдамай, заңның барын елемейдінің салдарынан баруда.

Мұның тағы бір себебі, қоғамдағы заңи көмек беретін кеңселердің әркімге қолжетімсіздігі. Қоғамдық ақпарат көздерінің, теледидардың, құқықтық сананы, құқықтық мәдениетті насихаттау, заң нормаларын түсіндіру, толыққанды жолға қойылмай отырғандығы да бала тәрбиесіне әсер етеді.

Арагідік, естіп қаламыз, ата-аналар «жұрттың баласына қарашы, әкелеріне машина, аналарына құндыз тон алып береді және шет елдерде демалтады. Бізге неге осыны жасамайсыңдар» деп балаларын «қайрап» отырады. Ата-ананың мұндай талаптары жастардың психологиясына кері әсерін тигізері сөзсіз.

Әлбетте, мұндай сұраныстар көп қаражатты қажет етеді. Сөйтіп, жас маманның ойы бұзылып, халық игілігі үшін еңбек ету

емес, өзінің жеке басының баюын, әке-шешесінің «арманын» орындауды ойлайды. Сөйтіп, түзу жолдан тайып, әртүрлі құқық бұзушылыққа бой алдырып, тіпті, ауыр қылмыс – пара алуға дейін барып жатады. Яғни, балаларымыздың құқық бұзушылыққа бару себебін өзімізден іздеуіміз керек сияқты.

«Өзін тәрбиелей білмеген, өзгеге өнеге көрсете алмайды» дейді ұлы Абай. Ал ұлы философ әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім оның өміріне опат әкеледі» деді емес пе?

Қандай кемеңгерлік! Біз алысқа бармай-ақ өзіміздің, өз халқымыздың, ұлы, кемеңгер, даналардың, тәрбиеге толы қанатты сөздерін ұрпақ санасына сіңіре білсек, одан артық тәрбие бола ма?

Жалпы, балаларымыздың барлық жағдайын жасап, талап-тілегін толық орындауға тырысамыз ғой. Ұл-қызымыз, сырт көзге және ата-анаға мінсіз болып көрінеді, бірақ, «үйден қырық қадам ұзағанда» неге басқа жанға айналады? Отбасынан тыс жер, қоршаған орта, көше тәрбиесі несімен ықпалды, күші басым? Кешегі ата-бабаларымыздың: «әкенің сөзі, бір-екі жас үлкен болса да ағаның, әпкенің айтқаны заң» дейтін, отбасылық ережелерді естен шығарып алғандаймыз.

Әкенің, ағаның, үлкеннің «заңдарына» мойынсұнған жастарымыз қолданыстағы заң нормаларына да бағынып, сыйлары сөзсіз. Мұндағы айтпағым, «Отан отбасынан баста-

лады» демекші ата-анасын, ағасын, қарындасын және жақындарын сүйіп, аялаған жастар, Отанын да сүйіп, құрметтей алады. Енді егеменді еліміздің жарқын болашағының кепілі – балаларымызды осындай әртүрлі қоғамға жат іс-әрекеттерден, жаман әдеттерден қалай қорғай аламыз? Әлі кәмелетке толмаған өскелең жастарымызды қылмысқа жетелейтін, арам ниет пен қылмыстық іс-әрекеттердің қалай алдын аламыз?

Бұл проблеманы құқық қорғау органдарына ғана, итере, арта салмай «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, осы қиындықпен ата-ана, қоғам, мектеп, оқу ордалары болып күресуіміз қажет. Өйткені, енді ғана аяғынан «тәй-тәй» тұрып келе жатқан жас, егеменді еліміздің тірегі және оны мәңгілік елге айналдыратын да осы жастар емес пе?

Танымал педагог, Антон Макаренко: «Сіз ұлыңызды немесе қызыңызды тек қана өзіңіздің ата-аналық қуанышыңыз үшін ғана дүниеге әкеліп, тәрбиелеп жатқан жоқсыз. Сіздің отбасыңызда және сіздің басшылығыңызда болашақ азамат, болашақ қайраткер және болашақ күрескер өсіп келеді» деп қалай тауып айтқан!

«Ел болам десең бесігіңді түзе» деп, заңғар жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай, бала тәрбиесін бесіктен бастап қолға алмай жағдай түзелмейді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» демекші, балаларымызға отбасында дұрыс, нақты, ықпалды тәрбиені бойларына сіңірсек, ұрпағымыздың болашағына алаңсыз болар едік.

ІСТЕРДІ ОҢАЙЛАТЫЛҒАН ТӘРТІПТЕ ҚАРАУ ТӘРТІБІ



Қазақстан Республикасының сот жүйесі, оның ішінде сот істерін қарау біріздендірілген. Осыған дейін қолданып келген, бірақ, тиімсіз нормалар қолданыстан шығып, орнына қажетті, көптеген тәжірибемен қалыптасқан нормалар өмірге келді. Соның бірі – 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (бұдан әрі - АПК) оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істерді қарау.

Негізгі мақсат – оңайлатылған іс жүргізу арқылы сот тараптарды шақырмай және сот отырысын жүргізбей, тараптардың ұсынған құжаттарын зерделеу негізінде оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде сот шешімін қабылдау. Оңайлатылған (жазба-

ша) іс жүргізу тәртібінің ерекшелігіне сай, егер талап қою бағасы заңды тұлғалар үшін – екі мың айлық есептік көрсеткіштен, дара кәсіпкерлер, азаматтар үшін бір мың айлық есептік көрсеткіштен аспаса, ақшаны өндіріп алу туралы талап қоюлар, сондай-ақ, талап

қою бағасына қарамастан, талап қоюшы ұсынған, жауапкердің ақшалай міндеттемелерін белгілейтін немесе шарт бойынша берешекті растайтын құжаттарға негізделген талап қоюлар бойынша істер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатады.

Талапқа сай алиментті өндіріп алу туралы дауларды қоспағанда, балалардың құқықтарын қозғайтын даулар бойынша істер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатпайтынын ескерген жөн.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлер негізінде судья істі оңайлатылған тәртіпте қарау туралы шешім қабылдайды. Ол туралы талап қоюды сот өндірісіне алу туралы ұйғарымда көрсетеді. Мұндағы басты ерекшелік осындай тәртіпте қаралатын істер электронды нысанда жүргізіледі. Егер тараптар істі қағаз нысанда қарауды өтінсе, онда сот істі қарауда электронды нысаннан қағаз нысанға көшеді.

Сот тараптарды істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізуде қарау туралы ол қабылданған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей хабарландыруды қамтамасыз ететін кез келген құрал арқылы (тұрғылықты мекенжай, сот кабинеті, электрондық пошта, ұялы байланыс операторы, тараптарды хабардар етеді.

Хабарламада сот тараптардың татулас-тыру рәсімдері шеңберінде дауды реттеу құқығы туралы, сондай-ақ, осы кодекстің 73-бабының бірінші және екінші бөліктеріне сәйкес, дәлелдемелерді өзара ашу және ұсыну құқығы туралы көрсетеді.

Жауапкер сотпен белгіленген мерзім ішінде өзінің талап қоюды мойындау немесе қарсылық келтіруге құқылы. Егер талапқа қарсы болса онда оны негіздейтін дәлелдемелерін сотқа ұсынуға міндетті. Талап арызға қарсы пікірді сотқа ұсынбау іс бойынша шешім қабылдауға кедергі келтірмейді.

Егер, тарап бұл туралы өтінішхат берсе, үшінші тұлғаның іске кіруі туралы өтінішхаты қанағаттандырылса, қарсы талап қою қабылданса, осы іс бойынша қабылданған сот актісімен басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы мүм-

кін болса, дәлелдемелерді олардың тұрған жерінде қарап тексеру және зерттеу жүргізу, сараптама тағайындау немесе куәнің айғақтарын тыңдау қажет болса, қосымша мән-жайларды анықтау немесе қосымша дәлелдемелерді зерттеу қажет болса, істі талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша қарауға көшеді.

Судья істерді арыз қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде тараптарды сот отырысына шақырмай, тараптардың ұсынған құжаттары мен дәлелдемелері негізінде шешім қабылдайды. Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған іс бойынша сот кіріспе және қарар бөліктерден тұратын қысқаша шешім шығарады.

Егер тараптар сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін жазбаша өтінішхат келтірсе, онда сот кіріспе, уәждеу және қарар бөліктерден тұратын шешімді дайындайды. Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған істер бойынша тараптардың өкілге (адвокат, заң консультанты) кеткен шығындары тарапқа көрсетілген кеңес беру, сотқа дейінгі дауды шешу және арызды сотқа дайындау шығыстары шегінде өндірілуі мүмкін.

Жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірге, сондай-ақ, шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Егер арыз қанағаттандырылса, онда сот шешімнің күшін жойып, істі жалпы тәртіпте қарау туралы шешім қабылдайды.

Аталған тәртіпте іс қарау кезінде тараптар татуласу рәсімінің кез келген түрін қолдану арқылы, істі бітіммен аяқтауға құқылы екенін ескерген жөн.

**Айнұр ӘБІЛҚАЙЫСҚЫЗЫ,
Қызылорда облысының
мамандандырылған
ауданаралық экономкалық
сотының судьясы**

ЖЕРДІ ЛАСТАҒАНДАР ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ҚАТАЙТЫЛСА...



Жер адамзат қоғамына ерекше құнды. Материалдық жағдайлардың ішінде халықтың өнімділігі үшін қажеттісі – бұл топырақ жамылғысы және жер қойнауы, ормандар мен сулар. Әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі жер басқа табиғи қорлармен салыстырғанда ең кең әрі басты байлық болып табылады. Сондықтан да, жерді заңды пайдалану мен қорғау басты міндет деп Конституциямызда көзделген, сол себепті, бұл ең өзекті мәселе⁽¹⁾.

Жерге зиян келтіретін қоғамның қауіпті әрекеттер салдары улану мен жерді ластауға алып келеді. Жердің улануы жердің ауруы болып табылады, бұл жерді одан әрі пайдалану мүмкін еместігіне алып келеді. Жердің ластануы топырақтың құрамы мен күйінің өзгеруі экономикалық немесе өзге де қызмет нәтижесінде, сапасының нашарлауынан адам

денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян тигізеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, жер және басқа да табиғи ресурстар тиісті аумақтарда тұратын халықтардың өмірі мен қызметінің негізін ретінде пайдаланылып, қорғалады. Яғни, жер көзін және адамзаттың өмір сүру үшін басты шарты, қоғамның материалдық және

мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоғамдық өндірістің процесіне пайдаланылуы тиіс.

Жерді ұтымды пайдалану және қорғау мәселесі ешқашан да өзектілігін жоймайды. Жер, әсіресе, оның топырағы, ең қиын жаратылған, жеңіл осал табиғи объектілердің бірі. Осылайша, 3 см топырақ қабатын қалпына келтіру 300-ден 1000 жылға дейін, ал 2000-нан 7000 жылға дейін өсімдік шаруашылығы үшін қажетті 20 см жыртқыш қабат қалыптастыру қажет [2, бет.137].

Әкімшілік және қылмыстық заңдарын құқықтық жауапкершілікте қолдану мәселелерін ғалымдар мен практиктер жиі талқылайды. Жер заңдарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік туралы заңнамаға өзгерістер енгізу туралы пікірлер де аз емес, әсіресе, жерді бұлдіргені үшін әкімшілік жазаны қатаңдату керек.

Е.А. Галиновская, «жерді бұлдіріп қана қоймай, басқа да құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік шараларын қатаңдату, белгіленген заңнама мен тәртіптің басқа механизмдері – жерді қорғау, жерді мемлекеттік қадағалау және коммуналдық жерді бақылауды жүргізу және т.б. талаптарын сақтау жағдайында жүзеге асырылуын қатаңдатуын» айтады. [3 бет 38-42]

Әкімшілік құқықбұзушылық пен қылмыс арасындағы айырмашылық мәселесі, бұл жауапкершілік түрлерімен көп ұқсастығы бар. Себебі, бұл қылмыстар, әкімшілік құқық бұзушылықтар көбінесе сол объектіге қол сұғу арқылы орындалуы мүмкін, осыған байланысты құқық қорғау органдарының лауазымды адамы – анықтау, тергеу, прокурор немесе соттарға әртүрлі заңсыз әрекеттерді саралауы қиын болады.

Жерге зиян келтіргені үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті бөліп шығару мәселесі практикалық маңызға ие. Құқықтық нормалардың бәсекелестігі (коллизия) бар, сол әрекеті үшін әртүрлі құқықтық баға берілгені жөн. Бұл жағдай құқық қорғаушы үшін белгілі бір қиындықтар тудырады, өйткені, мәселені дұрыс шешу заңның нақты қолданылуына байланысты, азаматтардың мүдделерін қорғап,

экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікке тартылған кезде заңнаманы сақтау оңай емес. Құқықтық әдебиетте экологиялық қылмыстар үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті бөліп шығару мәселесіне көп көңіл бөлінді, бірақ, консенсусқа қол жеткізілмеді [4, с.53].

Әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті заңды түрде бөліп шығару даулы жағдай болған кезде әкімшілік шараларды қолдану туралы презумпцияға негізделген, олар зерттелетін саладағы сенімді құқықтық саясаттың міндетті шарттары болып табылады. Айта кету керек, құқықтық жауапкершіліктің барлық түрінің арасында жер үстіндегі құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілік мәселелері нормативтік актілерде егжей-тегжейлі қарастырылып, іс жүзінде басым болады. Көптеген жағдайда қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті жүзеге асыру жауапкершіліктің белгілі бір түрінің пайда болуына байланысты жүзеге асырылады.

Заңды жауапкершіліктің түрін анықтауда бұл тәсіл заңнамада бекітілген. Қылмыстық кодекске сәйкес, жауапкершіліктің жалғыз негізі қылмыс жасау, яғни, әрекетте қылмыстың барлық элементі бар. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне сәйкес, әкімшілік жауапкершіліктің негізі әрекетте барлық құқық бұзушылық белгілері бар, кодекстің жалпы бөлігінде көзделген. Экологиялық қылмыстар қоғамдық қауіп-қатердің болуымен басқа құқық бұзушылықтардан ерекшеленеді.

Қылмыстық заңнама қылмыстық құқық бұзушылықтарға жататын актілердің жиынтығын нақты анықтайды. Қылмыс қылмыстық заңмен көзделген әлеуметтік қауіпті, кінәлі және жазаланатын әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) болып табылады. Әрекет ету немесе әрекет етпеу қылмыс емес, формальді түрде және актінің белгілері бойынша түссе де, Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінде көзделген, бірақ, маңызсыз болғандықтан, бұл қоғамдық қауіп төндірмейді.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы ұғым

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінде келтірілген, егер әкімшілік құқықбұзушылық (заңға қайшы әрекет) заңсыз деп танылса, жеке немесе заңды тұлғаның кінәсін (қасақана немесе абайсызда) әрекеті немесе әрекетсіздігінен, олар үшін осы кодекс немесе Қазақстан Республикасының заңдары әкімшілік жауапкершілікке тартады. Осылайша, қылмыс тұжырымдамалары мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы түсінік бізге әкімшілік құқық бұзушылықтың қоғамдық қаупі жоқ екенін айтуға мүмкіндік береді.

Теориялық жағынан, заң қылмысты білу үшін, қылмыс құрамын ажыратады. Сонымен бірге, Қылмыстық кодекс пен Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекс қылмыстың мазмұнын ашып көрсетпейді. Қылмыстың мағынасы белгілі бір қылмыстың немесе әкімшілік құқық бұзушылықтың барлық белгілерінің жиынтығы қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілік үшін негіз болып табылады. Бұдан басқа қылмыстың құрамы біліктілікте маңызды рөл атқарады: нақты актінің белгілерінің жалпы массасынан, құқықбұзушылық құрамының белгілері бөлінеді, бұл өз кезегінде, қылмыстық құқық нормаларын немесе әкімшілік құқықбұзушылық туралы заңдарды бұзу кезінде бекітілген заңды негіздерге сәйкес келеді.

Аталған мәселе XX ғасырдың аяғынан бастап зерттеле бастады. Мысалға А.Е.Лунев «әкімшілік жауапкершілікке тартылатын әлеуметтік қауіпті, заңсыз, кінәлі әрекеттер немесе әрекетсіздікті анықтаған, қоғамдық қауіптілік деңгейіне байланысты әкімшілік құқық бұзушылықпен емес қылмысты анықтау үшін негіз ретінде қабылдайды [5, с.45]. А.Н.Трайнин мен А.А. Пионтковский де осы пікірді ұстанады. Дегенмен, зерттелетін мәселеге қатысты ең ақылға қонымды және дәйекті ұстаным Д.М. Бахрахтікі, ол қылмыстардың қоғам үшін ең зиянды екенін, ал олардың зияндылығының дәрежесі қоғамдық қауіпті көрсететінін айтады.

Кейбір авторлар әкімшілік жауапкершілік тұжырымдамасын анықтау кезін-

де әкімшілік құқықбұзушылық мерзімін құқық бұзушылықтың орнына пайдаланады, әдетте, семантикалық түсі әртүрлі, бірақ, құбылыстың мәні өзгеріссіз. Мысалы, әкімшілік жауапкершілік әкімшілік құқыққа, уәкілетті мемлекеттік органға немесе лауазымды тұлғаға әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамға (жеке немесе заңды) әкімшілік жазаға сәйкес, өтініште іс жүзінде көрініс тапқан құқықтық жауапкершілік түрлерінің бірі болып табылады.

Әкімшілік жауапкершілік – әкімшілік құқықтармен көзделген санкцияларды жүзеге асырады. Ол құқық бұзушыларға (жеке және заңды тұлғаларға) қатысты мемлекеттік басқарудың уәкілетті органдарының әкімшілік жазаларын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Жоғарыда айтылған тұжырымдаманың негіздемесі тек санкцияларды жүзеге асырумен ғана шектелетін, сонымен қатар, жаза қолданылатын мерзімге қатысты мәселелерді тудырады, ол қолданылатын және ең жақсы қылмыстық құқықтағы санкциялардың сипаттамасын көрсетеді. Алайда, басқа авторлардың әкімшілік жауапкершілік тұжырымдамасын анықтау кезінде әкімшілік жаза термині қолданылады.

Егер қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік тұжырымдамалары бойынша әртүрлі көзқарастар болса, жауапкершіліктің әрбір түрі оның негізгі ерекшеліктерін көрсететін жалпы сипаттамаларға ие. Қылмыстық жауапкершілік мынадай міндетті белгілерге бөлінеді: 1) қылмыстық жауапкершілік оның негіздері мен шекараларын белгілейтін қылмыстық заң нормаларына негізделеді; 2) қылмыстық жауаптылықтың нысаны – репрессивтік (мәжбүрлеу) әсер ету әдістерін қолданатын мемлекет; 3) қылмыстық жауаптылықтың негізі мемлекеттің атынан шығарылған соттың айыптауы актісі болып табылады; 4) қылмыстық жауаптылық қылмыстық іс жүргізу заңының нормаларында көзделген ерекше тәртіппен адамға жүктеледі; 5) қылмыстық жауаптылықтың жеке айыптау сипаты бар.

Әкімшілік жауапкершілік мынадай белгілерге ие: 1) әкімшілік жазалау шараларын қолдануда көрініс тапқан мемлекеттің

әкімшілік құқық бұзушылыққа реакциясы; 2) құқық бұзушының заңды «зақымдалуына» тән және әкімшілік құқықбұзушылық жасаған адамды тәрбиелеуге, сондай-ақ, құқық бұзушының өзі де, басқа адам да жаңа қылмыстарға жол бермеуі үшін пайдаланылады; 3) адамның қадір-қасиетін қорлайтындай, физикалық азап келтіруге, жеке (заңды) тұлғаның іскерлік беделіне нұқсан келтірмеуге бағытталған.

Жер заңнамасын бұзғаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті айқындау критерийлері келесідей: 1) әкімшілік жауапкершіліктен айырмашылығы қылмыстық заңмен ғана белгіленеді, атап айтқанда, Қылмыстық кодекстің нормалары бойынша, бірақ, әкімшілік жауапкершілікке сәйкес, оны жүзеге асыру тетігі экономика, заңмен реттеледі. Әкімшілік жауапкершілікке тартылатын экологиялық құқық бұзушылықтар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте ғана қарастырылған және әкімшілік құқықтың қалған бөлігінде нормалар жоқ, экологиялық құқық бұзушылықтар үшін санкциялар бар, экологиялық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершіліктің айрықша ерекшелігі, экологиялық құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік кодекстің нормаларымен белгіленеді, 2) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы экологиялық бұзушылықтарға әкімшілік жаза қолдандудың субъектілері сот болып табылады және Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің нормаларына сәйкес, қоршаған ортаны қорғау саласындағы, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы, өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органдар, жер қойнауын пайдалану жөніндегі уәкілетті орган, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын, жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын, объектілер құрылысының сапасына мемлекеттік архитектуралық-курстық бақылауды жүзеге асыратын, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы, сондай-ақ, қылмыстық жазалауды тек соттың қарауымен; 3) экологиялық

қылмыс, экологиялық қылмыс және мүлікке қарсы қылмыс қылмыстық жауаптылық үшін негіз болып табылады, ал әкімшілік құқық бұзушылық – бұл қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы жер учаскесіне меншік және әкімшілік құқық бұзушылықтарды әкеп соғатын әкімшілік құқықбұзушылық [5];

Экологиялық мәселелерді шешуде ең тиімдісі – әкімшілік жауапкершілік, себебі бұл алдын алу сипатына ие, ол экологиялық қатер туралы ескертеді. Құқықтық жауапкершіліктің тиімділігі көбінесе жауапкершілікті шектеу және құқықтық нормаларға сәйкес, құқықтық ғылым критерийлері негізінде мұқият әзірленген жауап шараларының барабарлығына байланысты.

Қылмыстық-құқықтық және әкімшілік құқық бұзушылықтарды объективтік және субъективтік негіздермен айқындалатын, заңсыз әрекеттердің қоғамдық қауіптілік дәрежесінен жерді бүлдіруді делимитациялау залалдың (зиянның) болуы және мөлшері; әрекетті қайталау және кінәсінің нысаны.

Әкімшілік құқықбұзушылық жалпы тұжырымдамасын анықтау, біз экологиялық әкімшілік бұзушылықтарды анықтауға болады – жер қатынастарын, осы коды – жер алаңы, ол заңсыз, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасалған) іс-әрекет немесе эко саласында заңды тұлғаның тұлға немесе заңсыз әрекеттерін немесе әрекетсіздігін білдіреді әкімшілік жауапкершілік. әкімшілік жауапкершілікке адамды әкелу үшін, заңмен белгіленген жаза қолданылатын әрекет белгілері жиынтығы ретінде теріс қылық құрамы актісінде кінәліні анықтау үшін қажет, ол: объект, объективтік жағы, субъект, субъективтік жағы.

Әкімшілік ұйымдардың, халықтың эпидемиологиялық салауаттылығы, қоршаған ортаға, үкімет белгіленген тәртіппен қоғамдық имандылықты, меншікті, қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін – әкімшілік құқықбұзушылық адамның және азаматтың, денсаулық сақтау, санитарлық құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін

қорғау болып табылады, объектісі құқық бұзушылық, сондай-ақ, олардың алдын алу. Сондықтан, біз заңгерлердің әкімшілік құқық бұзушылықтарының көптеген заң нормаларына қол сұғатыны туралы ғалымдардың пікірімен келісе аламыз.

Нысан әкімшілік құқықбұзушылық туралы рулық және арнайы (тікелей) бағалау критерийлерінің ерекшеліктері бар. Осылайша, әкімшілік заңнамамен қорғалатын жерлерді пайдалану мен қорғау тәртібін белгілейтін жер және табиғат қорғау заңнамасын реттейтін әлеуметтік объект тергеу объектісінде жалпы объект ретінде танылады. Әкімшілік құқық бұзушылықтардың тікелей объектісі – заңдық нормалармен белгіленген тиісті тыйымдар. Жерді қорғау және қоршаған ортаны қорғау туралы заңдар негізінде жерді қорғау туралы қоғамдық қатынастар жердің тозуы ретінде танылады.

Объективтік жағы – қылмыс объектісіне бағытталған адамның заңсыз, кінәлі (қасақана немесе ұқыпсыз) әрекеті немесе әрекетсіздігі; зиян келтірген зиян және олардың арасындағы себеп-салдарлық байланысы, яғни, заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға зиян келтіруге бағытталған заңсыз және қоғамдық қауіп-қатер қарастырылған қылмыс.

Батыстық құқықтық әдебиетте заңды тұлғаның мәні туралы мәселе жауапкершілік субъектісі ретінде кең ауқымды және егжей-тегжейлі талқыланады әрі бірқатар зерттеушілер жеке және заңды тұлғаның кінәлі жауапкершілігі әртүрлі деп тұжырымдайды. Егер бірінші психологиялық контент басым болса, онда екінші әлеуметтік-этикалық, яғни, заңды тұлғаның кінәсі – оның мінез-құлқының әлеуметтік күші. Дегенмен, көптеген еуропалық елдер қылмыстың күрт

ұлғаюы және заңды тұлғалардың жасаған қылмыстары үшін әкімшілік жауапкершілікті ғана емес, сонымен қатар, осы тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігін көздейді. Бұлар – Финляндия, Дания, Бельгия, Франция, США, Канада, Голландия, Норвегия, Япония, Корея, Австрия, Германия, Португалия.

Мұндай институттарды жүргізу себептері ұжымдық бейтараптандыру деп аталады; еңбек бөлінісі; тергеу мен дәлелдеудегі қиындықтар; жеке жазаның алдын алу әсерінің жеткіліксіздігі. Осылайша, заңды тұлғаның кінәсін анықтап, жауапкершілікке тарту үшін мемлекеттік экологиялық органдардың актілері, т.б. жеткілікті болады. Бір жағынан, бұл негіздер заңды тұлғалардың жер заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілікті белгілеуге негізделген. Алайда, екінші жағынан, заңды тұлғаның кінәсі және оның дәрежесі есепке алынбайды. Мүмкін, заңды тұлғаның қылмысты жасағаны үшін кінәлі болуы керек деп есептей аламыз. Экологиялық заңнаманың даму динамикасы құқықтану практикасын, заңнаманы жетілдіру мәселелерін құқықтық ғылымға арнайды. Осыған байланысты заңнамалық актілерге қойылатын қазіргі заманғы талаптарды ұсынатын заңнамалық актілерді жетілдіру процесі үнемі назар аударуды қажет етеді.

Құқық қорғау практикасында экологиялық құқық бұзушылықтар үшін құқықтық жауапкершілік механизмін одан әрі жетілдіру қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Қарлығаш УКИБАЕВА,
Еуразиялық технологиялық
университеті «Құқық» мектебінің
оқытушысы,
заң ғылымдарының магистрі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- Қазақстан Республикасының Конституция. 1995 жыл 30 тамыз
Қазақстан Республикасының құқықтық саясат концепциясы. 2010 – 2020 // «Казахстанская правда», – 2009 жыл. № 205 (25949)
С.Е.Каленов Жерді бүлдіргені үшін әкімшілік және қылмыстық жауаптылық// заң әлемі №8 (212) 2014, бет 38-42
С.Т. Фаткулин Қылмыстық құқық – жерді қорғау: Монография М.:РАП, 2009. – 53 бет
Дюсенов Е.А. Юридическая ответственность за экологические правонарушения, дисс. К.ю.н.ю Астана 2010 г.

ҚАЛДЫРҒАН ІЗІ МӘҢГІЛІК

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дейді бабаларымыз. Өзінің биік ұстанымымен, тағылымды өнегесімен талай шәкірт тәрбиелеп, зор құрметке бөленген салиқалы ұстазымыздың бірі – Арықбай Нүсіпәліұлы Ағыбаев еді.



Арықбай Ағыбаевтың еңбекқорлығы айналасындағы әріптестердің бәрін тәнті ететін. Өйткені, 82 жасында өмірден өткен ағамыз ғылымға адалдық танытып, қолынан қаламын тастамады. Білгенін қағазға түсіріп, халықтың құқықтық сауатын арттыру ісіне бүкіл саналы ғұмырын арнады. Арықбай Нүсіпәліұлының білімін, білігін бағалаған құзырлы органдар ғалымды үнемі заң жобаларын дайындауға шақырып, ақыл-кеңесіне назар аударып отыратын. Өзіне жүктелген жұмысқа мұқият қарап, әр істі жауаптылықпен атқаратын ғалымның теориялық білімінің тереңдігін өзгелер жоғары бағалайтын. Содан болар, қоғамдағы заңдық өзгерістерге салғырт қарамайтын ағамыз кез келген құқықтық құжаттарды зерделеп,

оның ұтымды тұстары мен кемшін тұстарын жан-жақты көрсетіп, сапалы заңдардың қабылдануына ықпал ететін.

Өзі ҚазҰУ-дың түлегі болғандықтан шығар, Арықбай Ағыбаев қара шаңырақта атқарылған іс-шаралардың бел ортасында жүрді. «Мен үлкенмін» деп түрлі сылтау айтып жұмыстан қашқан жоқ. Керісінше, жаңа бастамаларды қызу қолдап, сәтті жүзеге асуына бел шешіп кірісіп кететін. Про-

фессордың мұндай белсенділігін көрген соң жастар да жақсы істен шет қалмайтын. Ұжымның ұйытқысы бола білген ғалымның жастарға деген қамқорлығы, білсем, үйренсем деген шәкірттеріне жасаған қамқорлығы орасан зор. Жастардың жылт еткен жаңалығына қуанатын профессор білгенін үйретуден ешқашан жалыққан емес.

ҚазҰУ-де доцент, профессор, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарған Ағыбаевтың ғылыми жұмыстары қылмыстық құқық, криминалистика мәселелерін зерттеуге арналды. Осы саланы терең зерделеген профессор 120-дан астам еңбектің, оның ішінде 2 монография, 10 ғылыми-әдістемелік оқу құралдарының авторы болды. Ұстаздың жол көрсетуімен ғылыми жұмыстарға араласып, кандидаттық, докторлық диссертациясын қолдаған жастар қаншама!

Арықбай Ағыбаев Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің жобасын жасауға белсене қатысты. Сонымен бірге, заң саласында жүрген мамандарға көмек ретінде «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме», «Қазақстан Республикасындағы қызмет өкілдігіне қиянат жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық», «Лауазымды тұлғалардың қызмет

жөніндегі қылмыстары үшін жауаптылық», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізудегі қылмыстық және криминологиялық шаралар», «Парақорлық үшін қылмыстық жауаптылық», «Қылмыстық ниет және оның қылмысты саралаудағы маңызы» сияқты монографиялардың және қазақша-орысша, орысша-қазақша заңтану сөздіктерінің, қылмыстық құқық және криминология пәні бойынша бірқатар оқу бағдарламаларының авторы. Осы арада оның тәуелсіздіктің елең-алаңында жазған «Сот құжаттарының үлгілері» атты еңбегінің Қазақстан Республикасындағы сот жүйесінде құжаттарды заң талабына сәйкес әзірлеуді жүзеге асыруға қосылған сүбелі үлес болды десек, қателеспейміз.

Артына өшпес із қалдырған Арықбай Нүсіпәліұлы Ағыбаевтың заң ғылымын зерттеудегі, құқық, заң саласының мамандарын дайындаудағы еңбегі еш уақытта ұмытылмайды.

**Гүлдана ҚУАНАЛИЕВА,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ кеден,
қаржы және экологиялық құқық
кафедрасының профессоры,
заң ғылымдарының докторы**

ЕСІРТКІДЕН АБАЙ БОЛ!

Есірткінің
адам өмірі-
не жақсылық
әкелмей-
тінін білеміз.
Адамдар
басында
есірткі қа-
былдауды қы-
зығушылықпен
бастайды.
Кейіннен,
соған тәуелді
болып қалады.
Ал тәуелділік-
тің арты қайда
апаратындығы
баршамызға
мәлім.



Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі №279 «Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары

туралы» заңы есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы мемлекеттік саясаттың құқықтық негіздерін реттейді және наркологиялық жәрдем көрсету мен азаматтар-

дың денсаулығын, қоғамдық және мемлекет қауіпсіздігін қорғау мақсатында олардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл шараларын белгілейді.

Осы заңның 22-бабының 2-тармағына сай, Қазақстан Республикасының аумағында есірткілік дәрілік заттар дайындау мақсатында апиын көкнәрін, кокаин бұтасы мен каннабис (сора) өсіруге және жинауға тыйым салынады. Ал 24-бабында, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды насихаттауға, яғни, айқындалмаған адамдар тобында есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің заңсыз айналымына және заңсыз тұтынылуына оң немесе төзімді көзқарас қалыптастыруға бағытталған. Ұсынылу нысаны мен тәсіліне қарамастан, есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер, прекурсорлар туралы, оларды әзірлеу, дайындау және пайдалану тәсілдері, әдістері туралы, есірткі, психотроптық заттар мен сол тектестердің жекелеген түрлерін пайдаланудың артықшылықтары туралы және пайдасы туралы кез келген мәліметтерді таратуға немесе осы мақсаттарда өзге де әрекеттер жасауға тыйым салынады. Осы бапта белгіленген нормаларды бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа алып келеді.

Қазақстан Республикасының есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық заңның 38-бабында әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тарту көзделген.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің (әрі қарай ӘҚБтК-нің) 422-бабы бойынша:

1. Ойын-сауық мекемесі, сондай-ақ, білім беру ұйымы иесінің есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды өткізудің және медициналық емес тұрғыдан тұтынудың жолын кесуге шаралар қолданбауы – шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүз, ірі

кәсіпкерлік субъектілеріне бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) – шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – екі жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұлға әкеледі.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (әрі қарай ҚК-нің) 300-бабы бойынша:

1. Өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді егу, өсіру немесе сораның, көкнәрдің, құрамында есірткі заттар бар басқа да өсімдіктердің сұрыптарын егіп-өсіру – екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

2) бірнеше рет;

3) ірі мөлшерде жасалған дәл сол іс-әрекеттер – үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қылмыстық кодекстің 296-бабында есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатынсыз заңсыз тұтыну үшін төмендегідей жауаптылық белгіленген:

1. Қоғамдық орындарда есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес тұтыну – сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жиырма тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

2. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатынсыз заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасы-

малдау – бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

3. Ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатынсыз заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау – екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

4. Аса ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатынсыз заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау – үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қылмыстық кодекстің 297-бабында есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатында заңсыз тұтыну үшін мынадай жауаптылық белгіленген:

1. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, оларды жөнелту не өткізу – мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарға, сол тектестерге қатысты жасалған дәл сол іс-әрекеттер – мүлкі тәркіленіп, алты жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

2) бірнеше рет;

3) аса ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарға, сол тектестерге қатысты жасалған;

4) лауазымды адам қызмет бабын пайдалана отырып жасаған;

5) электрондық ақпараттық ресурстарды пайдалану арқылы;

6) қоғамдық орында жасалған іс-әрекеттер – мүлкі тәркіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген, қылмыстық топ жасаған іс-әрекеттер, сол сияқты есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді білім беру ұйымдарында не көрінеу кәметке толмаған адамға өткізу – мүлкі тәркіленіп, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Аудан тұрғыны аталған қылмысты жасағаны үшін жауаптылыққа тартылып сотталды. Сондықтан, зиянды әдеттерден аулақ болып, саламатты Қазақстанның өркендеуіне үлес қосуымыз керек. Ал есірткінің адамның ағзасына тигізер кері әсері әркімге аян, нашақорлық – адамзаттың түбіне жететін дерт. Нашақорлардың арбауына түсіп қалмау қажет. Нашақорлыққа қарсы күресу әрбір азаматтың міндеті.

**Зиада АСҚАР,
Ақмола облысының
Қорғалжын аудандық сотының
судьясы**

БІЛІМ ДАМЫМАЙ – ЕЛ АЛҒА БАСПАЙДЫ

Қазақстанның білім көкжиегінде ғана емес, бүгінгі күні әлемдік білім кеңістігінде ҚазҰУ-дың алар орны бөлек. Тоқсан жылдық тарихы бар әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің аты басқа өркениетті елдерге де жақсы танымал.

Мұндай биік бедел, кең танымалдық өзінен-өзі келген жоқ. Білім ордасының бүгінгі бет-бейнесінің қалыптасуына қаншама адам еңбек сіңірді. Университеттің халықаралық талаптарға сай болуы үшін жылдар бойы ауқымды жоспарлар құрылып, айтулы жобалар жүзеге асырылды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды – жаңашылдықтың жаршысы деуге әбден негіз бар. Өйткені, білім саласы бойынша әлемде өзін дәлелдеген соны жаңалықтың барлығы алғаш рет осы білім ордасында сыналып, бар игілік те жастарға осы университетте алғаш рет ұсынылады. Осындай жанкешті жұмыстардың, тоқтаусыз жүргізілген іс-шаралардың арқасында университет Орталық Азия өңірінде «QS Stars Rating System» халықаралық рейтингіне қатысып, «Бес жұлдыз» артықшылығын иеленді. ҚазҰУ – орта Азия елдеріндегі жоғары оқу орындары арасында бұл марапатты иеленген бірден бір университет екенін мақтанышпен айтамыз.

Қазір білім аламын, кәсіп меңгеремін деген жастарға таңдау көп. Ағылшын, қытай, түрік, жапон, кәріс сияқты әлемдік тілдерді еркін меңгерген жастар бұрынғыдай тек Қазақстандағы жоғары оқу орындарымен шектеліп қалмай, білімді дүниежүзінің жетекші университеттерінен алғысы келеді. Біздің мақсатымыз – ҚазҰУ-ды сондай айтулы университеттер қатарына қосу. Егер оқу орнындағы білім мен жағдай жетекші университеттермен бірдей болып тұрса, еліміздің талапты жастары шекара асып, шетелге кетпейтіні анық. Біз өзіміздің білімді жастарды өз елімізде тәрбиелеуге, туған жерінде кәсіп меңгеруіне жағдай жасауды мақсат етіп келеміз. Ең бастысы, бұл бағыт-

та қолға алынған жұмыстар нәтижесіз емес.

Мәселен IAAR Eurasian University Ranking (IAAR EUR-2021) Аккредитация және рейтинг агенттігі (HAAR) Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Беларусь, Украина, Әзірбайжан мен Молдова мемлекеттеріндегі жоғары оқу орындарына талдау жүргізіп, ҚазҰУ-ды ең үздік университет деп таныған. Ал бұл рейтингке назар аударған тәуелсіз мемлекеттер достастығына кіретін елдердің жастары біздің университетімізге таңдау жасауы әбден мүмкін.

Бүгінде университетте 16 факультет, 67 кафедра, 8 ҒЗИ, 29 ғылыми орталық бар. Өз саласын жетік білетін, шәкірттерге үйретері көп үш мыңнан астам оқытушы қызмет етеді. Сонымен бірге 23 мыңнан астам студент білім алуда. Олардың арасында әлемнің 50-ден астам елінен келген студент бар екенін айта кеткен жөн.

2011 жылы ҚазҰУ Орта Азия университеттерінің арасында алғашқы болып БҰҰ-ның бүкіл әлемде мойындалған он қағидатын қолдау бойынша «Академиялық ықпал» бағдарламасына қосылды. Бұл бағдарлама негізінен адам құқығына, сауаттылыққа және жанжалдарды шешуге қатысты мәселелерді заңды тұрғыдан шешуге бағытталған.

Міне, ҚазҰУ осындай іргелі жетістіктерімен тоқсан жылдық мерейтойына қадам басқалы отыр. Ұйымшыл ұжымның алдағы уақытта да жетер жетістігі азаймасын!

Гүлмира ҚАЛИЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
кеден, қаржы және экологиялық құқық
кафедрасының доценті,
заң ғылымдарының кандидаты

БОЛАШАҚ – ЗАҢ МЕН ӘДІЛДІКТЕ



Жаза – қылмыс істелді деп танылған азаматтарға Қылмыстық заңнамаға сәйкес көрсетілетін, әр елде бөлек түрде жүретін мәжбүрлеу шарасы. Әрбір қылмыстың соңы жаза екені анық. Біріне жеңіл, біріне ауыр жаза тағайындалады. Ал жәбірленуші мен қылмыскер арасында әділдікті орнатушы – сот үкімі.

Еліміз өз Тәуелсіздігін жариялаған жылы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң қабылданғаны баршамызға белгілі. Заң бойынша мемлекеттік билік заңнамалық деңгейде: заң шығарушы, атқарушы және сот билігі болып бөлінді. Сол жылдардан бері сот жүйесінің ел тәуелсіздігін нығайтуға бағытталған маңызды заңдарды қабылдау да, заңдарды шығару да кеңінен жүргізілді.

Сот жүйесінің тәуелсіздігі қағидаттары-

ның негізгі кепілдіктері Конституцияда қаланды және тағайындалатын жазалар да соған негізделеді. Сот жүйесінде түбегейлі өзгерістер орын алып, мемлекеттік биліктің дербес тармағы – соттың іргетасы қаланды. Осының негізінде Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.

Халық арасында әділдік орнатып жүрген Қызылорда облыстық сотына биыл 85 жыл толып отыр. 1938 жылы 15 қаңтардағы

арнайы қаулы бойынша облыс құрылды. Ал дәл сол жылы 4 наурызда облыстық сот құрылды. Демек, облыстық соттың жаңа тарихи кезеңі жоғарыда айтқанымыздай, Қызылорданың облыс ретінде құрылуымен тығыз байланысты. Осынау ғасырға жуық тарихта Қызылорда облыстық соттары еліміздің тұрақты дамуына зор үлесін қосты. Сондай-ақ, қоғам және мемлекет өмірінде туындайтын жанжалдар мен дауларды әділ шешу бағытында небір күрделі, тағдырлы істерге төрелік етті. Сол кезден бастап қабылданған заңдар, қаулылар, шешімдер кезең-кезеңімен жетіліп, өзгеріске еніп, жаңарып келеді.

Міржақып Дулатов айтпақшы, халықтың жайын, салтын, рәсімін, тілін білмейтін сот – сот емес, сор. Сот үкімі тек жаза тағайындап, үкім шығару емес, азаматтарды қылмыстан тыйып, қайта ортаға қосу немесе алдағы уақыттарда қайта қылмыс істемеуге ескерту жасау болып табылады.

85 жылдық тарихы бар Қызылорда облыстық соттары жаңа технологияларды қолданудың арқасында сот қызметі ашық, жедел әрі қолжетімді бола түсті. Сот мәжілісі залдары түгелдей дыбыс және бейнежазба құрылғыларымен жабдықталып, сот отырыстары түгелдей жазба құрылғыларын қолдану арқылы өткізілуге көшті. Жаңа технологиялар азаматтардың сотқа келуін міндеттемей, арыз-шағымын «Сот кабинеті» арқылы үйінен, кеңсесінен шықпай-ақ жолдауын қолжетімді етті. Сондай-ақ, электронды құжат айналымының бірыңғай жүйесі енгізіліп, сот ісін жүргізуде заманауи бағдарламалық өнімдер пайдаланылып келеді. Ақпараттық технологиялар арқылы халыққа көптеген ақпараттық қызметтер де көрсетіледі. Ең алдымен азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін, сот жүйесінің тиімділігін, қолжетімділігі және ашықтығын, одан әрі арттыру үшін осы секілді халыққа қолжетімді жағдайлар ұйымдастырылып келеді.

Халық арасында әділдікті орнату үшін тек ол нәрселер болуы жеткіліксіз. Сот залына кірген әрбір судья бір сәтке ағайын-туыс, жора-жолдас атаулыны ұмытып, тек заңға ғана бағынуы тиіс. Себебі, бізге көмек сұрап

келетін халық «мен әділет үйіне келдім, ол жерде мені күтеді, түсінеді, қабылдайды, мәселемді әділ шешеді» деп келеді. Сондықтан, біз осындай құрмет пен сенімді ақтап, өз қызметімізді тиісті дәрежеде атқару, халықтың сотқа деген сенімін арттыру басты міндетіміз һәм парызымыз десек те артық айтқандық емес.

Ел басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылғы жолдауында «Алқабилер сот төрелігін жүзеге асыруға қоғам өкілдерінің кеңінен қатысуына жол ашады. Қазақстанда алқабилер тек аса ауыр қылмыстар бойынша үкім шығара алады. Біз бұл саланы одан әрі дамытып, алқабилердің қарауына берілетін істердің санатын кеңейтеміз. Бұл жаңашылдық сот жүйесін демократияландыруға және оған қоғамның сенімін арттыруға мүмкіндік береді» деген болатын. Қазіргі таңда Қызылорда облыстық сотында сот төрелігін тәуелсіз де бейтарап және әділетті жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық сот ісін жүргізуде міне осы алқабилер институты енгізілген болатын. Сондай-ақ, тұтқындауға санкцияны соттың беруі бекітіліп, экономикалық, әкімшілік, әскери, кәмелеттік жасқа толмағандар, аса ауыр қылмыстық істерді қарайтын мамандандырылған соттар құрылып қызметін атқаруда.

Жоғарыда айтылғандай сот жүйесіне жаңа технологиялар енгізіліп, сервистер де жаңартылды. Сот жүктемесі азайтылып, сот актілерін ұғынықты тілде түсіндіру тәжірибесі де енгізілді. Осы секілді батыл қадамдар мен сан салалы жұмыстар сот жүйесін белсенді дамытудың жаңа қырын қалыптастырып, судьялардың жұмысына тың серпін бергендігі көрініп-ақ тұр. Осындай жаңашаландыру жұмыстарының көрінісі – облыстық сот жүйесі құқықтық мемлекеттің қажеттілігіне және заман талабына сәйкес үздіксіз жетілдіріліп келе жатқанын көрсетеді.

Болат ИСАҒАБЫЛОВ,
Жалағаш аудандық сотының
бас маманы,
Қазақстан Заңгерлер одағының
мүшесі

ТӘРТІП САҚШЫСЫ – ХАЛЫҚ ҚОРҒАНЫ

*«Сіз де думан өмірге келдіңіз бе?
Тыным болар деменіз енді бізге!
Өткен шақ пен болашақ арасында,
Бір қас қағым уақыт бар... сездіңіз бе?
Күресіңіз, өркендеп көріңіз,
Салтанатқа арна боп өріліңіз.
Толағай іс тындырып үлгеріңіз,*

Сол қас қағым біздің бір өміріміз», – деп екпіндете жырлаған отты жырлардың иесі Жанғали Набиуллиннің осынау өлең жолдары жастықтың отын жалындатып, толайым еңбек етіп, толағай табысқа жетіп, ортасында еңбекқорлығымен, адалдығымен сыйға бөленіп, құрметке кенеліп жүрген тепсе темір үзетін отыз бір жастағы Қазбек Иматовтай жігітке арналғандай көрініп тұрады. Алғырлығымен өз ортасынан қара үзіп, үздік атану үшін ұзақ жылдық еңбек өтілінің де қажеттілігі жоқ екеніне Қазбектей жалынды жастарды жарқын мысал етуге болады деп білемін.

Мақтаулы азамат, мақаламыздың кейіпкері, жерлестерінің құқығын қорғап, қадыр-қасиеті мен ар-ожданына қалқан, қауіпсіздігіне қорған болар тұлға ретінде тасқындаған қуатпен уақытпен санаспай қажырлы еңбек етіп жүрген Жәнібек аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция бөлімшесі Тау ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Қазбек Аманкелдіұлы 1992 жылы 7 тамызда Бөкей ордасы ауданына қарасты Мұратсай ауылдық округінің Тайғара елді мекенінде дүниеге келіпті. Ор қояндай орғып тұрған қағылез, сымбатты денелі, көз тартар көрікті, ашық мінезді, жұмысына өте жауапты жігіттің әр сөзі мірдің оғындай нық, пікірі орнықты мық екен.

«Алдынан төскейді толтырған малы емес, төрінен шаңырағын шаттыққа бөлеген қонағы үзілмеген шаңырағымыздың иесі әкем Аманкелді Иматов пен анам Римма Мусианың тұлабойы тұңғышымын», – деп әңгімесін өрбітті полицей жігіт.



– Қақ-соқпен ісі жоқ, жеке шаруасын дөңгелетіп отырған әкем мен анам інім Аян, қарындасым Жанар үшеуіміздің еңбекқор, өзара тату, мейірімді болып өсуімізге бар күшін жұмсады. Тайғара бастауыш білім беретін мектебінде 4-сыныпқа дейін білім алып, ары қарай Мұратсай ауылындағы А.Құсайынов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде оқуымды жалғастырдым. Ой-бітімі өрен, парасат-білігі терең, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берген ұстазым Қымбат Кенжеғалиеваның пәнін сүйіп оқыдым. Тарих сахнасына ат үстінде шыққан халқымыз үшін жылқының орны бөлек десек, бала кезімнен әкемнің баптаған жылқысын айналсоқтап, ат құлағында ойнап өстім. Мектепте Әділбек Нұрәлиевтің жаттықтыруында қазақша күрес үйірмесіне бел-

сене қатыстым. Білегімнен күш саулаған па-
луан болып кетпесем де физикалық тұрғыдан
мығым болып өскенімнің пайдасын бүгінде
көріп келемін.

2010 жылы мектепті аяқтаған соң жиен
ағам Талаппен бірге Орал қаласында құрылыс
саласындағы жұмыста шыңдалып, еңбегімнің
алғашқы нанын жедім. 2011 жылдың мамыр
айында әскер қатарына шақырылып, Шығыс
Қазақстан облысының Зайсан қаласындағы
шекара басқармасына қарасты №2017 әскери
бөлімінде азаматтық борышымды атқарып
келдім. Барға қанағат, жоққа салауат айтып,
ынтымағы жарасқан отбасында өскен өз ба-
сым кішкене кезімнен сырын ішіне бүккен
боз жусанды, ұшқан құстың қанаты, жүгірген
аңның тұяғы талатын Орданың кең даласы-
ның саф ауасын сіміре жұтып, балалық қиялға
шоматынмын. Жарқын болашақтың жел-
кенін керуге атсалысар жақсы азамат, білікті
полиция қызметкері болсам деп армандап,
үстіме қиялмен тәртіп сақшысының киімін
киіп, ауылдастарыма тәртіпті қатаң сақта-
у турасында әңгіме айтып, тағы бірде өзімді
қауіпті қылмыскерді құрықтап жатқандай
сезінетінмін.

«Арманымен ер сұлу, орманымен жер
сұлу» демекші, арман – адамның алға қойған
биік мақсаты десек, оны ақиқатқа айналды-
ру жолында жатпай-тұрмай тер төгу қажет
деп білемін. Бала кезімнен ауылдың шаңын
бұрқыратып, теңбіл допты теуіп өскендіктен
күллі әлемге әйгілі бразилиялық футболшы
Роналдоның Фифаның сайтына берген сұх-
батындағы «Бала күнімде атақты футболшы
болуды армандадым. Соған жету үшін талмай
еңбектендім. Менің жетістігімнің құпиясы
осы», – деген сөзі санамда шегеленіп қалыпты.
Балалық арманыма қол жеткізу үшін әскерден
келісімен БҚО Полиция департаментіне бо-
лашақта өмірімді осы саламен байланыстыру
мақсатында түйіндемемді тапсырған бола-
тынмын. Алматы қаласынан тағылымдамадан
өтіп келген соң, 2013 жылы әскери билетпен
Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған
күзет қызметі басқармасына қатардағы поли-
цей шенімен жұмысқа орналасып, 2013–2021
жылдары аса маңызды стратегиялық нысан
болып табылатын Жәнібек аудандық сотында
күзет қызметі басқармасының полицейі бо-
лып еңбек еттім. Қызмет ете жүріп 2018–2021
жылдары Қазақстанда инновациялық және те-
лекоммуникациялық жүйелер университетін-
де «Құқықтану» мамандығы бойынша білім

алдым», деген жас сақшының сөзінен арманы
асқақ азаматтың болмысын байқадым.

Заң саласында жоғары білім алған Қаз-
бек Аманкелдіұлы 2021 жылы БҚО Поли-
ция департаменті Жәнібек аудандық поли-
ция бөлімінің жергілікті полиция қызметі
бөлімшесі учаскелік полиция инспекторының
көмекшісі қызметіне тағайындалып, екі ай-
дан кейін аудандық полиция бөлімі бастығы-
ның міндетін атқарушы, полиция подполков-
нигі Данияр Рақышевтің қолынан лейтенант
шенін алды. Осы жылы аудандық полиция
бөлімінің бастығы, полиция подполковни-
гі Асқар Әбдірахмановтың бұйрығымен Та-
лов, Борсы, кейін Ұзынкөл ауылдық округінің
учаскелік полиция инспекторы болып қызмет
атқарды.

Бойындағы адалдық, терең жауапкершілік,
қызметіне деген қалтқысыз құрмет сезімі
жоғары полицей жігіт жергілікті басқарушы
орган мен ауыл тұрғындарымен қоян-қолтық
бірлесе жұмыстануының нәтижесінде осы үш
ауылда қызмет еткен тұста ешқандай қыл-
мыстық оқиға орын алмаған көрінеді. Қаз-
бек Аманкелдіұлы бүгінде Жәнібек аудандық
полиция бөлімі жергілікті полиция қызметі
бөлімшесінің Тау ауылдық округінің учаскелік
полиция инспекторы ретінде жергілікті
тұрғындардың тыныштығын сақтап, мемле-
кет пен қоғамның қауіпсіздігін қорғау жолын-
да «Жұртқа жақын полиция» қағидатымен
абыройлы қызмет атқарып келеді.

«Жеті атасына дейін жететін байлық жинау
ниетімен жолындағысын жайпап, билік қолы-
на тие қалған жағдайда мемлекеттің қазына-
сын майшелпек қылып үптеп кететін дүни-
еқоңыз, ашкөз шенеунік, байлық үшін өзгенің
өмірін шімірікпей қия салатын қатыгез қаны-
пезер, азды-көпті қолда бар құзыретін пайда-
ланып, сыбайластықпен әлдебір нәрселерді
қарпып қалатын мешкей, ата-ана, тума-туы-
старымен бір дастарқанда тамақ ішпей, баста-
рына орнықтырып алған түсініксіз діннің
илеуіне түскен дүбара ұрпақ, бүлдіршіндерді
қинап-зорлайтын педофилдердің шектен
шыққан әрекеті, өзегін жарып шыққан бала-
сын шімірікпестен қоқысқа, әжетхана, тас жол-
дарға тастай салатын, ата-анасын кәрілер үй-
інің қабырғасына телміртіп, тапсырып кететін
безбұйрек адамдардың көбейгені қоғамның
дабыл қағар трагедиясына айналды. Кезінде
сүйіп қосылған ақ некелі жарын аяусыз қинап,
ұрып-соғып, өлтіре салатын ерлердің көбейіп,
тұрмыстық зорлық-зомбылықтың күшейіп

бара жатқан оқиғаларымен күнделікті қызмет барысымызда бетпе-бет келіп жатамыз. Туған немесе өгей баласын қинап, ұрып-соғып, ашықтыру арқылы оларды ашындыруға жетелеген, ішкілікке, нашақорлыққа салынған жетесіз ата-ананың неліктен көбейіп бара жатырғанына жауап таба алмай қиналамыз.

«Ашықтық» қағидатына сүйене отырып, жергілікті тұрғындардың арасында атқарып отырған өз қызметімді фейсбук және инстаграм әлеуметтік желісі арқылы көпшілікке жариялап отырамын. Өзіме бекітілген учаскеде жүктелген міндеттер мен заңмен белгіленген құзыретім шегінде қылмыс пен әкімшілік құқықбұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, заңды және жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүддесін қорғауға жәрдемдесу, қылмыс немесе құқықбұзушылықтар жасауы мүмкін адамдарды анықтау және оларға қатысты алдын алу жұмысын жүзеге асыру, діни теріс ағымға түскендермен профилактикалық жұмыс жүргізу, жастар мен жасөспірімдердің арасындағы құқықтық тәртіпті нығайту, интернет алаяқтарының арбауына түсіп, қаржылық пирамидалардың құрығына ілінбеудің алдын алу жолында Тау ауылдық округінің әкімі Кенжебек Еркеғұлов, ауылдың ақсақалдар алқасы, белсенді жастары мен Ғ.Абдуллин атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің ұжымымен бірлесе отырып кешенді жұмыс жасап, кезекшілік кестесін жасақтап, кешкі мезгілде құқықбұзушылықты болдырмау мақсатында рейдтік шаралар ұйымдастыруды тұрақты жолға қойып отырмыз.

Құқықбұзушылық түрлері ауылдық жерде отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер, отбасы мүшелері мен өзгеге тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау, кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу, білім беру, оның құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді орындамау, жануарлар дүниесін пайдалану талаптарын және аң аулау қағидаларын бұзу, мал ұрлығы мен киікті атып, мүйізін саудалау, ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бұзу, ортақ пайдаланылатын орындарды ластау, алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу, мас күйінде көлік құралын тізгіндеу, кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болуы, азаматтық және қызметтік қару айналымы қағидаларын бұзу, иесінің сеніп тапсырған

мүлкін талан-таражға салу, келіспей қалу дегені бойынша тіркеліп отыр. Ел іші болған соң тәртіп сақшысының көзін бағып, құқықбұзуға бейім тұратын пенделердің бары жасырын емес. 2023 жылдың он айы ішінде Тау ауылдық округі бойынша екі жүз отыз сегіз әкімшілік құқықбұзушылықты анықтап, тіркелген бес қылмыстың барлығының 100% ашылуына қол жеткіздім.

Өмірде жетістікке жететін азаматтың артында отбасының берік тылы болып табылатын жан жары тұратыны ақиқат десек, қиындығы мол, жауапкершілігі зор қызметімде Анар, Аяулым атты қос қызымыздың анасы, ардақты зайыбым Айдананың еңбегі зор», – деген Қазбек Иматовтың сөзінен сүйікті мамандығы мен сүйген жарын таңдаудан адаспаған бақытты жігіттің өз өміріне деген разылығын аңғардым.

Қызметтік міндетін адал атқарғаны, жұмыста жоғары нәтижеге жеткені, ауданымызда заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту ісіне қосқан үлесі, қылмысқа қарсы күресте, мемлекетіміз азаматтарының конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ел тыныштығын сақтау жолындағы қажырлы еңбегі үшін Қазбек Аманкелдіұлы бас аяғы бірер жылдың ішінде Батыс Қазақстан облысының әкімі Ғ. Есқалиевтің атынан Алғысхатпен марапаталып, БҚО мамандандырылған күзет қызметі басқармасының басшысы, полиция полковнигі Т.Үсеновтің, БҚО Полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майор М.Аблазимовтың, Жәнібек аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі А. Әбдірахмановтың, Жәнібек аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі А. Сейтқазиевтің атынан Грамотамен, Жәнібек ауданының әкімі А. Сафималиевтің, Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі Б. Шарафутдиновтың атынан Алғысхатпен марапатталды.

Темірдей тәртіпке сүйеніп, заңмен бекітілген ережені басшылыққа алып отырған Қазбек Аманкелдіұлына табыстың тайқазанын қайнатып, еселі еңбегіңізбен өзіңізге бектіліген аумақтың тәртібін шегендей бергейсіз демекпін.

Меңдігүл ФАЗЫЛОВА,
Батыс Қазақстан облыстық
тарихи-өлкетану музейінің
Жәнібек аудандық музей
бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан
Журналистер одағының мүшесі

ЗАҢ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Күәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.12.2023 ж. жіберілді. Басуға 20.12.2023 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 23. Таралым 1360.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,

Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:
8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:
8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:
8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»